«Қарағанды-Саран-Шахтинск» жолы жөнделеді
2-бет

Сот саласындағы соны қадамдар
3-бет

Талап күшейсе, сапа артады
5-бет

ҚАЗДАУЫСТЫ ҚАЗЫБЕК БИ: СӨЗДІҢ АТАСЫ – БІРЛІК, АНАСЫ – ШЫНДЫҚ

ORTALYQ QAZAQSTAN

1931 жылдың 4 қазанынан бастап шығады

ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТІ

www.ortalyq.kz www.instagram.com/ortalyq.kz/ СЕНБІ, 15 СӘУІР, 2023 ЖЫЛ №42 (23 218) www.facebook.com/ortalyq.kz/ info@ortalyq.kz

● БӘРЕКЕЛДІ!

«Алаш» сыйлығы – еңбектің жемісі

Жуырда Қазақстан Жазушылар одағында Әдеби жыл қорытындысы өткен еді. Онда «Орталық Қазақстан» газетінің ардагері, белгілі жазушы Өтен Ахметке Николай Лугиновтың «Шыңғыс хан әмірімен» кітабын қазақ тіліне аударғаны үшін халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығы берілді.

Жәлел ШАЛҚАР,
«Ortalyq Qazaqstan»

Өтен Ахмет 1967 жылдан бастап, ұзақ уақыт баспасөз саласында еңбек еткен. Қарағанды облыстық «Орталық Қазақстан» газетінің Балқаш қаласы бойынша меншікті тілшісі, бөлім меңгерушісі, Бас редактордың орынбасары, бірінші орынбасары, Бас редакторы қызметтерін атқарған.

Оның «Алыптың адымы» атты тұңғыш очерк кітабы 1968 жылы, «Алда күн бар» атты алғашқы повесі 1973 жылы жарық көрді. Жемісті еңбек етіп, «Адам болғым келеді» (1975), «Алтын арқау» повестері (1977), «Қоңыр үй» (1982), «Заңғар» (1988), «Адасқан ғасыр» (2007), «Қарқаралы аруы» (2008) романдарын оқырманға ұсынды.

Ал, «Алаш» сыйлығын қанжығалаған «Шыңғыс хан әмірімен» туындысы – ұлы империяның негізін қалаған билеуші туралы тарихи роман.

«Орталықтың» ардагері әлі де газеттен қол үзе қойған жоқ. Шығармашылық байланыста.

Ардагерімізді аталған сыйлықпен құттықтай отырып, ғұмырына шуақ, қаламына қуат тілейміз.

ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАНДАР!

2023 жылдың II жартыжылдығына арналған «Ortalyq Qazaqstan» облыстық газетіне жазылу науқаны жалғасуда. Газетке жазылуды «Қазпошта» АҚ пошта байланысының барлық бөлімшелерінде, сондай-ақ редакцияда ресімдеуге болады.

Тарифтер:

Санаты	Мерзімі	"Қазпошта" АҚ каталогы бойынша Қала	"Қазпошта"АҚ каталогы бойынша АУДАН / АУЫЛ
Кәсіпорындар мен ұйымдар үшін	6 айға	5848,50 тг	5919,00 тг
Жеке жазылушылар үшін	6 айға	3100,50 тг	3111,00 тг

Қарағанды қ. Ермеков к. № 33, 8 қабат, 88 каб.

Анықтама телефондары:
Руслан - 8-775-482-22-02
Ботагөз - 8-778-846-00-01
Нұрсұлу - 8-705-902-04-05
Тел: 43-57-89
E-mail: otdel.pochtovyy@bk.ru

● ҚАРАҒАНДЫ ҚАЛАЛЫҚ МӘСЛИХАТЫНЫҢ НАЗАРЫНА!

Оразбековтің есімі ескерілсін

Асқар тау алыстаған сайын биіктей түседі. Сол сияқты жаны жайсаң адамдар өздері өмірден өтсе де, нұрлы бейнелері көңіл төріндегі сарғайған сағынышқа айналып, жақын таныған жандардың жадында жасай береді екен. Мен үшін сондай абзал адамның бірі – қарымды қаламгер, жампоз журналист, ақмылтық аудармашы Нұрмахан Оразбеков!

Қайран Нұрмахан аға!

Ол өндір жас кезінен қазағы үшін отқа түсуден тайынбайтын өжет жігіт болыпты. Бұл туралы студент кезінде бірге оқыған даңқты жазушы Мұхтар Мағауиннің әдемі естелігі бар. Қостанай облысына ауыл шаруашылығы жұмысына барған студенттерге жергілікті орыс жігіттері қырғидай тие берсе керек. Сонда Нұрмахан ағамыз жауға жалаң қолмен шапқан жалаңтөс батырша оларға қарсы жойқын төбелес жасапты.

Қазақ университетінің журналистика факультетін 1962 жылы бітіріп шыққан Нұрмахан Оразбеков Жезді, Түркістан аудандық газеттерінде, республикалық «Лениншіл жас», «Социалистік Қазақстан» газеттерінде, партия тарихы институтында қызмет атқарған. 1974-1988 жылдары ҚазТАГ-тың бас редакторы, директордың орынбасары лауазымдарында болған.

1988 жылдың қараша айынан 1991 жылдың желтоқсан айына дейін Қарағанды облыстық «Орталық Қазақстан» газетінің бас редакторы болды. Одан кейін Қазақстан Республикасының Баспасөз министрлігі алғаш құрылғанда сол министрліктің Мерзімді баспасөз бас басқармасының басшысы қызметін атқарған.

Нұрмахан аға «Орталық Қазақстан» газетіне бас редактор болып қызметке келген бетте ұжымдағы журналистерге: «Жігіттер, кім жақсы жұмыс істесе, газетке жақсы материал жазса, сол менің туысым!» деген.

Ол кезде мен облыстық «Қарағанды жастары» газетінің редакторы едім.

Бірде қазақтың классик қаламгері Бейімбет Майлиннің Рәзия деген қызы өзіміздің Жаңаарқа ауданының орталығы Атасу кентінде тұратынын кездейсоқ жағдайда естідім де, жаныма фототілшіміз Балқан Ахметовті ертіп, Жаңаарқаға тартып кеттім.

Рәзия апайдың ардақты әкесі туралы жүрек тебірентетін естелік әңгімесін бір күн бойы тыңдадым. Қарағандыға қайтып оралған соң, бірден жазуға отырдым. Бұл көл-көсір деректі очерк болып шықты. Ал біздің 8 беттік газетіміз аптасына бір рет қана шығатын.

4-бет

● БАСПАСӨЗ МӘСЛИХАТЫ

Қарағанды облысы аграрлы аймаққа айнала ма?

Агроөнеркәсіп кешенін дамытуда алған қойған міндет көп. Соның бірі – ауыл шаруашылық өндірісін тұрақты дамыту, әлемдік нарықта бәсекеге қабілетті және экспортқа бағытталған өнімдер өндірісін ұлғайту, елдің азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету. Ауыл шаруашылығында бұл басымдықтарды іске асыру үшін табиғи және адам ресурстары жеткілікті. Тек, мемлекет тарапынан бөлінетін қаражат мақсатты түрде жұмсалса болғаны. Осы орайда, Қарағанды облысы өнеркәсіпте де, ауыл шаруашылығында да әлеуетке ие өңір ретінде жыл сайын тұрақты өсім көрсетіп келеді. Бірінші тоқсанның қорытындысы бойынша өңірде аталмыш саланың әлеуметтік-экономикалық дамуында оң беталыс сақталып отыр. Бұл туралы облыстың ауыл шаруашылығы басқармасының басшысы Асқар Санаубаров @krgagri Instagram парақшасында өткен тікелей эфирде баяндады.

Сағыныш ӘБІЛ,
«Ortalyq Qazaqstan»

– Мемлекет басшысының Жарлығын іске асыру аясында Үкімет 2023-2027 жылдарға арналған ауылдық аумақтарды дамыту тұжырымдамасын бекітті. Тұжырымдама ауылдық аумақтардың географиялық ерекшеліктері мен бәсекелестік артықшылықтарын ескере отырып, олардың әлеуметтік-экономикалық әлеуетін ашуға бағытталған. Онда ауыл тұрғындарының табысы мен өмір сүру сапасын арттыру бойынша түрлі шаралар қарастырылған. Мемлекет басшысы агроөнеркәсіп кешені саласын дамыту барысында азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету және ауыл тұрғындарының әл-ауқатын арттыруға бағытталған бірқатар жауапты міндеттерді қойды. Бұл міндеттер еліміздің агроөнеркәсіптік кешенін дамытудың 2023-2027 жылдарға арналған тұжырымдамасында көзделген шаралар шеңберінде жүзеге асырылатын болады, – деді басқарма басшысы.

Қаңтар, ақпан, наурыз айларында ауыл шаруашылығындағы жалпы өнім өндіру көлемі 45,7 млрд. теңгені құрап, нақты көлем индексі 102,4%-ға жетті.

Аймақта мал басын көбейту, оның ішінде асыл тұқымды мал басының үлесін арттыру мал шаруашылығы өнімдері көлемінің тұрақты өсімін қамтамасыз етіп отыр. Атап айтқанда, ет өндіру көлемі – 4,2%-ға, сүт – 0,7%-ға, жұмыртқа – 20,9%-ға артқан.

Астық – елдің азық-түліктік қауіпсіздігінің негізгі компоненті болғандықтан, жыл сайын аймақта егіс алқаптарын ұлғайту қолға алынуда. Биыл егістік алқап көлемі 4%-ға артты, қосымша 43,7 мың гектарға көбейіп, жалпы аумағы 1 105,5 мың гектарға ұлғайды. Сонымен қатар, 3,9 мың гектар суармалы жер айналымға енгізілді. Егістік алқапты күтіп-баптау, минералды тыңайтқыштар қолдану да өзекті. Бүгінде барлық егіс алқабының 42%-ын, оның ішінде өнімділігі жоғары тұқым себілген егіс алқабының 94,5%-на минералды тыңайтқыштар қолданылады деп жоспарлануда. Бүгінде 22,3 мың тонна минералдық тыңайтқыш алуға шарт жасалды. Оның 15,9 мың тоннасы жеткізілді. Сонымен қатар, ауыл шаруашылығы дақылдарының ауруларымен, зиянкестермен және арам шөптермен күресу үшін шаруашылық құрылымдары мердігерлермен 390 мың литрден астам пестицидтер сатып алуға шарт жасасты. Минералды тыңайтқыштар және гербицидтерді субсидиялауға қосымша бюджет есебінен тағы 3,5 млрд. теңгеден астам қаражат бөлінді.

Біздің алдымызда, бірінші кезекте көктемгі егіс жұмыстарын уақытылы және сапалы жүргізу міндеті тұр. Көктемгі егіс жұмыстарына қажетті 106,5 мың тонна дәнді дақыл және 42,0 мың тонна картоп тұқымы бар. Бұл көрсеткіш ішкі қажеттілікті толығымен қамтамасыз етеді. Жақсы өнім алу үшін қажетті агротехнологиялардың сақталуы қажет. Көктемгі егіс жұмыстарын жүргізуді қолдау аясында «Аграрлық несие корпорациясы» АҚ арқылы 116 шаруашылық 5,5 млрд. теңге сомасына қаржыландырылды. Сонымен қоса, ауыл шаруашылығы өнімдерін форвардтық сатып алу бағдарламасы бойынша «Азық-түлік корпорациясы Ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамы арқылы 2 жобаға 396,9 млн. теңге көлемінде қаражат берілді, – дейді облыстың ауыл шаруашылығы басқармасының басшысы Асқар Санаубаров.

Көктемгі дала жұмыстарына жарамды ауыл шаруашылығы техникаларын дайындау жұмыстары аяқталуда. Маусымдық науқанға барлығы 9,5 мыңнан астам трактор, 248 егіс кешені және 4 774 бірлік тұқым сепкіштер қатысады. Шаруашылық техникаларын жаңарту мақсатында жыл басынан 1 101 млн. теңгеге 1 егіс кешені мен 53 бірлік трактор сатып алынды. Аймақ бойынша тракторлардың дайындығы 99%, сепкіштер – 100% және егіс кешендері – 100% құрайды.

Көктемгі дала жұмыстарын ұйымдастыруға 20,1 мың тонна арзандатылған дизель отыны бөлінді. Оператор – «Retail Trade Oil» ЖШС мен жеткізуші – «ҚазМұнайГаз» ТЖС арасында жасалған келісімшартқа сәйкес, ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілер үшін дизель отынының бағасы литріне ақпан айында – 206 теңгені, наурыз, сәуір, мамыр, маусым айларында – 210 теңгені құрайды. Ақпан, наурыз, сәуір айларына арналған көлем 12,0 мың тоннаға қаражат толық төленіп, бүгінде 6,0 мың тоннадан астамы жөнелтілді. Қазіргі таңда 222 шаруашылық 7844,0 тонна дизель отынын жеткізуге шарт жасады.

Аймаққа қолайлы инвестициялық жобаларды тарту өнім өндірісі көлемінің артуы мен ішкі нарықтағы азық-түлік импортқа тәуелділікті азайтуға зор ықпалын тигізеді. Осыған сай, Инвестициялық жобалардың Жол картасына сәйкес, 2022-2026 жылдар аралығында аймақтағы агроөнеркәсіп кешені саласында 3123 жаңа жұмыс орнын құрып, 141,0 млрд. теңгеге 72 жобаны жүзеге асыру жоспарланған. Жобалардың басым бөлігі мал және өсімдік шаруашылығын дамытуға арналып отыр.

Биыл 14,9 млрд. теңгеге 19 инвестициялық жобаны іске асырып, 168 жұмыс орнын ашу жоспарланып отыр. Оның ішінде мал шаруашылығын дамытуға жеті жоба, өсімдік шаруашылығына 11 жоба, қайта өңдеу саласына бір жоба жүзеге асырылмақ. Нақтырақ айтқанда, Шет ауданына қарасты «Шерубай Су» ЖШС-нің құны 900 млн. теңгені құрайтын 13 400 тонналық «Картоп сақтау қоймасын салу», Осакаров ауданында қарасты, «Найдоровское» ЖШС-нің құны 640 млн. теңге болатын 4 200 тонналық «Көкөніс қоймасын салу» және «Табыс Агро-Д» ЖШС-нің, құны 3,3 млрд. теңгені құрайтын 500 гектар алқапта «Суармалы жерлерді қалпына келтіру» секілді ірі жобаларды атап өтуге болады.

Бүгінде Бұқар жырау ауданында құны 1 млрд. теңге болатын 7600 тонналық картоп қоймасын салу бойынша бір жоба пайдалануға берілді.

Аймақтың ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерін мемлекеттік қолдау аясында биылға жоспарланған қаржы көлемі 22,2 млрд. теңгені құрады. Қомақты қаржы агроөнеркәсіп кешеніндегі салмақты салаларға бағытталды. «Ауыл аманаты» жобасын іске асыру үшін 3,4 млрд. теңге бөлінді. Мал шаруашылығын дамытуға 276, өсімдік шаруашылығы саласында 177, қайта өңдеу саласына 35, техника мен аспалы жабдықтарды сатып алуға 75, ауыл шаруашылық емес бизнеске 90 шағын несие бөлу жоспарлануда. Жалпы сомасы 610 млн. теңгеге 86 кредит беруге өтінім қабылданды.

Фермерлер еңбегінің нәтижесі – өндірілетін өнім көлемін ұлғайту және сапасын арттыруға қол жеткізу. Бұл нарықты негізгі азық-түлік тауарларымен қамтамасыз ету деңгейін арттыруға ықпал етеді. Аймақта әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларының 19-ның 14 түрін жергілікті ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілер өндіреді. Әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларымен қамтамасыз ету мақсатында жергілікті ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілер сауда желісіне өндірілген өнімді төмендетілген бағамен жеткізу туралы Меморандумдар жасау дұрыс жолға қойылған.

Эфир барысында басқарма басшысы алдағы жопарларымен де бөлісіп, атқарылар ауқымды жұмыстарды тілге тиек етті. Жүйелі жұмыстың нәтижесі ауыл шаруашылығы өнімін өндіру көлемі мен инвестициялық жобаларды арттыруды көздейді.

ВАЛЮТАЛАРДЫҢ РЕСМИ БАҒАМДАРЫ: ●EUR/KZT 495.88 ●USD/KZT 449.86 ●RUB/KZT 5.51 ●CNY/KZT 65.42

Қазақстан Ұлттық Банкінің 14 сәуір, 2023 жылғы дерегі бойынша

● ОБЛЫС ӘКІМІНІҢ ЖҰМЫС САПАРЫ

«Қарағанды-Саран-Шахтинск» жолы жөнделеді

Елді мекендер мен өнір халқының әлеуметтік-экономикалық тыныс-тіршілігінен хабар алып жүрген облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаевтың халықпен кезекті кездесу жиыны Шахтинск қаласы мен Шахан кентінде өтті. Халық әкімге көкейінде жүрген әлеуметтік мәселелерді айтып, өтініш-тілектерін білдірді.

Сағыныш ӘБІЛ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Тұрғындарды толғандырған мәселелердің негізі тұрғын үй коммуналдық шаруашылық саласына қатысты болды. Жағдайы сын көтермейтін жол мәселесіне жіті тоқталды. Кездесу барысында монақаланы абаттандыру мәселесі де сөз болды.

Халық қала басындағы орталық аурухана жұмысына да көңілі толмайтынын жеткізді. Дәрігерге жазылу мен кепілдендірілген дәрі-дәрмектерді алудың қиындығына шағым айтып, құзыретті басшылыққа шешіп беруге өтініш білдірді. Осы орайда, облыс әкімі:

– Олай болмауы керек! Анықтаңыздар, ретке келтіріңіздер.Егер осылай жалғаса берсе, жеке жауапкершілік шараларын қабылдаңыздар. Мен Сіздердің барлық сұрақтарыңызды жазып алдым. Қала әкімдігімен және салалық басқармалармен нақты шаралар жоспарын қабылдаймыз, – деп жауап берді.

Жұмыс сапары барысында облыс басшысы жылу электр орталықтары мен қазандықтардың жұмысына баса назар аударды. Мезгілдік жылу маусымының барысы жайында мәліметтер берілді. Әрі жөндеу жұмыстарының жоспары аймақ басшысының назарына ұсынылды. Биыл Шахтинск қаласында жылу жүйелерін жөндеу басталмақ. Қажетті қаржы көлемі артып, тиісінше жергілікті және облыстық бюджеттен қаражат бөлінген.

Жалпы, Шахтинск қаласын 205000 Гкал өндіретін «Шахтинсктеплоэнерго» ЖШС жылумен жабдықтайды.

Орталықтандырылған жылумен 286 көпқабатты тұрғын үй және 466 жеке сектор үйлері, 38 әлеуметтік мәдени-тұрмыстық нысандар, оның ішінде 17 білім беру нысаны, 4 медициналық мекеме, 3 мәдениет нысаны және 1 спорт нысаны қамтамасыз етіледі. Сондай-ақ, 17 әкімшілік нысаны да бар.

Қаладағы жекелеген учаскелердегі жылу желілерінің тозуы 63,3%-дан асады. Магистральдық желілердің ұзындығы – 19,3 км болса, орамішілік желілер - 46,02 км.

– Шахтинск жылу электр орталығы 1964 жылдан бастап жұмыс істейді. Биыл нысанға күрделі жөндеу жұмыстары жоспарланған болатын. Үш қазандық агрегаты, сорғы, екі турбоагрегатор секілді негізгі жабдықтар жөнделеді. Сонымен қатар, жылу құбырларын да жөндейміз. Жалпы, жөндеу жұмысына миллиардтан астам қаржы бөлінді,– деді «Шахтинсктеплоэнерго» ЖШС директоры Мұрат Әлімов.

Облыс басшысы Шахан кентінде бастамашыл топпен кездесіп, ұсыныс пікірлерін тыңдады. Түйткілді мәселелерден хабардар болып, шағын кентті дамыту әлеуетін талқылады.

Кент тұрғындары емхананы жөндеуге көмек беруді сұрап, медициналық мекеменің бос тұрған ғимаратын іске жаратуды ұсынды. Өз кезегінде облыс басшысы тиісті мекеме басшыларына тұрғындар айтқан өтінішті мұқият қарастыруды тапсырды.

Сонымен қатар, жергілікті тұрғындардың басты мәселесі де биыл шешімін таппақ. Яғни, «Қарағанды-Саран-Шахтинск» бағытындағы жолға күрделі жөндеу жұмыстары жүргізіледі. Кешенді жоба үш жылға жоспарланып отыр.

Жиын соңында облыс басшысы жергілікті тұрғындарды қабылдап, сұрақтарына жауап берді.

Суреттерді түсірген
Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ

● МЕЗГІЛ МӘСЕЛЕСІ

Бұйрық күшіне енді

Энергетика министрінің «Бағаларды мемлекеттік реттеу белгіленген мұнай өнімдерін бөлшек саудада өткізуге шекті бағаларды белгілеу туралы» бұйрығы күшіне енді. Құжатқа сәйкес, АИ-92 и АИ-93 маркалы сұйық отынның шекті бағасы бір литріне 205 теңгеге дейін. Ал, дизель отынының бір литрі – 295 теңгеге дейін белгіленді.

Салтанат ІЛИЯШ,
«Ortalyq Qazaqstan»

«Отынның кейбір түрлеріне жаңа бөлшек сауда бағаларын белгілеу мәжбүрлі шара болып табылады және оның көрші елдермен құнының диспаритетін төмендету қажеттілігіне байланысты. Бұл елден мұнай өнімдерінің шығуын азайтуға және ішкі нарықтың өсіп келе жатқан қажеттіліктерін қамтамасыз етуге мүмкіндік береді»,– деп хабарлады Энергетика министрлігі.

Айта кету керек, Қазақстанда жанар-жағармай бағасы 2021 жылдың күзінен өзгерген жоқ.

Сонымен қатар көктемгі егіс жұмыстары аяқталғанға дейін фермерлер үшін дизель отынының құны өзгермейді. Операторлардың шығыстарын ескере отырып, диқандар үшін республика бойынша орташа баға литріне 204 теңге, бұл нарықтық бағадан 31%-ға төмен.

Өңірлерге көктемгі егіс жұмыстарына 419 мың тонна арзандатылған дизель отыны бөлінді, бұл өткен жылмен салыстырғанда 19 мың тоннаға артық. Көктемгі дала жұмыстарына бекітілген көлем басым тәртіппен тиеп-жөнелтілетін болады. Ақпанда 81,1 мың тоннаның 77,1 тоннасы немесе 95%-ы, наурызда –102,2 мың тоннаның 94,2 тоннасы немесе 92,2%-ы тиеп-жөнелтілген.

Бұл ретте дизель отынының бұрын белгіленген сараланған бағасы өзгеріссіз қалады. Атап айтқанда, Қазақстан азаматтары жүргізуші куәлігін көрсеткен кезде литріне 295 теңге бағасымен тәулігіне 100 литр сатып ала алады.

Жүк, арнайы, мамандандырылған автокөліктер мен автобустар үшін, сондай-ақ, Қазақстан Республикасында көлік құралын тіркеу туралы куәлік ұсынылған кезде тәулігіне бекітілген лимит белгіленген баға бойынша 300 литрді құрайды. Қалған санаттағы адамдар үшін, сондай-ақ, жоғарыда аталған лимиттерді дизель отынын сатып алатындар үшін баға литріне 450 теңге.

Бірақ, жанар-жағармай құю станциялары бағаны шекті деңгейге дейін күрт көтермейді деген пікірде мамандар. Себебі, бұған дейінгі бағамен сатып алынған қордың болуы бағаны біраз ұстап тұруға мүмкіндік бермек.

● ӨЗЕКТІ

Бұралқы «шеру құрған» жыл

Адам мен бұралқы ит арасындағы «соғыс» басталғалы бір жыл. Шыны керек, бұл соғыс өзінен-өзі «от алған» жоқ. 2022 жылдың 1 қаңтарынан күшіне енген «Жануарларға жауапкершілікпен қарау туралы» Заң «ұрысты» «тұтатты». Бұралқыны адамнан қорғау бар ол заңда. Содан бері адамға иттен қауіп көбейіп тұр. Қоғам пікірі қаққа бөлінді. Бір жартысы – бұралқының жоғын жоқтаушылар. Бір жартысы – иттерден ғаріп күй кешкендер. Бұл жәйт– қазір қызу талқыда. Өйткені, иттің шабуылы күннен-күнге күшейіп барады. Былтыр Қарағандыда 700 адамды ит қапқан. Шынтуайтында, дәл бүгін қала көшелерін кезіп жүрген бұралқы да «таңсық» емес. 20-30 иттің «көш керуені» – көз үйренген көрініс. Ал, кей қоғам белсенділері бұралқылардың «туын» көтергендердің көксегені ақша дейді. Мұнда қып-қызыл бизнестің иісі «бұрқырайтынын» ашық айтады...

Қызғалдақ АСҚАРҚЫЗЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Сурет интернеттен алынды

Залалсыздандыру шешім бе?

Қоғамды ізгілендіру, жануарларға қайырым жасау мақсатында қабылданған заңға ешкімнің қарсылығы жоқ, әрине. Бірақ, жағдай ушықты. Оны да мойындап қойған жөн. Былтыр кезбе иттерді аулап, ұстап, залалсыздандыруға бюджеттен ветеринария басқармасына 25 млн.теңге бөлініпті. Алайда, ол игерілмей кері қайтқан. Биылғы қаражат одан да қомақты –146 млн.700 мың теңге.

Қоғамдық кеңес мүшесі Меруеш Башай мұнша қаражат бөлінсе де, жұмыс нәтижесі көңіл көншітпейтінін айтады. Осы орайда биыл 146 млн.теңге алатындарға жауапкершілік жүктелуі керек дейді.

– Жануарларды ұстап, залалсыздандыруға бөлінген қаржыға өзгерістер керек. Мынау масқара емес пе 146 млн.теңге! Иттер сөйлей алмайды. Ол қанша теңгенің тамағын ішіп, қандай дәрі салғанын айтар тілі жоқ. Шындап келгенде, жүргізіліп жатқан жұмыстың нәтижесі жақсы деуге келмейді. Былтыр Қарағанды облысында иттен 700 адам зардап шекті. Егер 146 млн. теңге алса, оларға жауапкершілік жүктелуі тиіс. Қоғамдық кеңестен заң шығарушы органдарға ұсыныс ретінде хат жолдау керек. Не мына заңға өзгерістер енгізу қажет. Көшеде қаптаған ит. Халық бізге айтады. Біз не істей аламыз? Заң талабына байланысты сұраныс қана жасаймыз, – дейді қоғамдық кеңес мүшесі Меруеш Башай.

Жалпы, елімізде 2022 жылдың 1 наурызына дейін бұралқы иттерді жоюға рұқсат болған. Кейінгі бір жылда оған тыйым салынды.

– Жаңа Заң бойынша енді қаңғыбас иттерді ұстап алып, уақытша панажайға әкеп вакциналап, залалсыздандырып (медициналық піштіру), аяқтан тұрғанша күтіп-бағып, қайтадан көшеге қоя беру керек.

Бұл қызметті тендер арқылы тек жеке кәсіпкер ғана жүргізе алады. Мемлекет ақшаны кәсіпкерлерге аударуы тиіс. Оларды залалсыздандыруға былтыр қарағандылық кәсіпкерлер құлық танытпады. Есептей беріңіз, былтырғы наурыздан бастап қадағаланбай кеткен қаңғыбас ит саны қанша? Қорғансыз жануарларды жою – жауыздық. Бірақ иесіз жануарды «піштіріп», 15 күннен кейін суық, аш, далаға қоя беру де шешім емес. Қаңғыбас иттерді қырмаймыз деп, тұқымын тұздай құрту да ізгілік пе?– дейді қоғам белсендісі Ләззат Қожахметова.

Қаңғыған ит бизнесі кімге пайдалы?

Қоғамдық кеңес мүшесі Ниқанбай Омарханов бұралқы ит пен мысықтың қаланың бас ауруына айналғанын айтады. Ауылда мұндай проблема асқынбады. Оның әуелден өзінен-өзі реттеліп тұратын үрдісі бар ауылда. Заң шаһардағы ахуалды асқындырып жіберді.

– Қалада текетірес басталып кетті. Ветеринария комитеті мен Экология министрлігі арасында. Өйткені, заңда кереғарлық көп. Зооқорғаушылар бұралқы ит пен мысықты жоюға тыйым салдырды. Сол заңға сүйеніп алып, шулатып жатыр. Заң шыққанша Қарағанды облысында 6 мың бұралқы ит жойылған. Енді ветеринария басқармасы, бөлімдерінің қолы байлаулы. Тоқтап қалды. Бөлінген ақшаны жұмсай алмайды.

Мұнда мәселе тереңде. Зооқорғаушылар үшін бұралқының көбейгені жақсы. Бұралқы ит адамға шабуыл жасайды, инфекция таратады, балаларды талайды. Соңында шу шығады. Ол шу да басталып кеткенін білесіз. Енді бұлар талап қоя бастады. Бұралқыны сақтап, баптап ұстайтын приют сұрап жатыр. Олардың айтып отырған приюті жүздеген миллион тұратын типтік, ғылыми тілде «жануарларға арналған шипажай» деп аталатын ғимарат. Оның ішінде, асханасы, жатын жері, ветеринарлық дәріханасы, операция залы, ит-мысықты қыдыртатын орны болады. Негізінде, өте қымбат құрылыс. Сол құрылысты салдырып алып, «ит пен мысықты сонда күтеміз, баптаймыз» деп талаптар қойғылары келеді. Оны ашып алған соң жалға алады да, ғимаратты күтіп-ұстауға бюджеттен қаржы сұрайды. Міне, қарап отырсаңыз, бұралқы иттер арқылы тәуір бизнес жасауды көздейді. Оған, әрине, біз қарсымыз. Сол үшін біздің кей адамдарды сотқа да беріп жатыр. Адамға үй тауып бере алмай, бұралқы ит пен мысыққа үй салу қаншалықты ақылға сыйымды? – дейді Ниқанбай Омарханов.

Дегенмен, 2023 жылға Қарағандының басынан иттерді қыдыртатын, демалдыратын 8 әлде 10 орынға ақша бөлінген. Ниқанбай Иманғалиұлының айтуынша, бұл мәселе Экология министрлігіне де жеткен.

– Министрлік мысық пен ит иелеріне қатаң талап қою туралы бұйрықтарына өзгерістер енгізеді. Оның қандай болатынын көреміз. Бұл жерде ветеринария мен біздің ұсыныс тым шектен шығып кеткен ит пен мысықты жоюға саяды. Одан соң оларды тиісті орындарға тапсыру қажет. Кеңес үкіметі кезіндегідей, терісін іске асыратындай, – дейді Ниқанбай Омарханов.

Бұралқыны ұстайтын панажай Қарағандыда әзір жоқ. Жергілікті билік өкілдері де оны салуға ешкімге уәде берген емес. Қазір Қарағандыда бөлінген 0,3 гектар жерге уақытша күтіп ұстау орны ғана жабдықталады. Онда ауланған иттерге қатысты шаралар жасалады.

– Приют деген – итті аулаған соң оның қанша өмірі бар, соған дейін шығармай, күтіп ұстауға тиіс орын. Біздікі – уақытша күтіп ұстау. Уақытша күтіп ұстауда итке тиісті барлық процедура жүргізіледі. Ол – он бес күн. Одан соң, яғни, он алтыншы күні қайдан ауланды, сол орынға әкелген бригада қайтадан апарып қоя береді. Приют деген бізде салынған да емес, салынбайды да қазіргі уақытта, – дейді ветеринария басқармасының бөлім меңгерушісі Ерлік Тілекұлы.

Ерлік Тілекұлының айтуынша, уақытша ұстау кезінде бір иттің бір басына бөлінетін қаржы 96 мың теңге көлемінде. Оған оны аулау, ұстау, залалсыздандыру, вакциналау кіреді. Маман 2023 жылдың 1 қыркүйегінен бастап, әр жеке және заңды тұлға өзінің үй жануарларын бірдейлендіріп, дерекқорға тіркетуі тиістігін де еске салады.

Түйін

Ашық ресурстардағы деректердің мәліметі әлемде 200 миллионнан астам бұралқы барын айтады. Қазақстанда, соның ішінде, Қарағандыда қанша екенін қарапайым қараша түгілі құзырлы орынның өзі де білмейді. Дегенмен, көше кезген көп бұралқы иттің «итше күшіктейтінін» айғақтайды. Демек, көп. Одан қалай, қайтіп құтылар әдіс те әзірге беймәлім...

● ҚҰРМЕТ

Ардагерлерге 1,5 млн теңге беріледі

Жеңіс күні қарсаңында облыстағы Ұлы Отан соғысының ардагерлеріне 1,5 миллион теңгеден беріледі. Қазіргі уақытта өңірде 14 ардагер бар.

Қасымхан ҒАЛЫМ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Біржолғы материалдық көмек Ұлы Отан соғысының ардагерлерінен бөлек, басқа санаттағы ардагерлерге де көрсетілетін болады. Кәмелетке толмаған кезде концлагерьлердің тұтқыны болған 38 адамға 100 мың теңгеден беріледі. Ленинградта блокада кезінде жұмыс істеген 11 қарағандылық 60 мың теңгеден алады. Көмек алушылар арасында Ұлы Отан соғысы жылдарында қаза тапқан 4138 тыл еңбеккері мен 161 жауынгердің жұбайы бар. Олар 30 мың теңгеден алады.

Биыл 1941-1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысындағы Жеңіске 78 жыл толады.

Ел басына күн туған шақта кеудесін қарша бораған оққа тосып, Жеңістің ақ таңын ақтық демі қалғанша күткен ардагерлерге құрмет – әманда шексіз болмақ. Жеңістің туы желбіреген 78 жылдан бері майдандағы сол бір ерлік – елге мұра, ұрпаққа ұран. Өкінішке қарай, оқ пен оттан аман келген майдангерлердің саны күн санап кеміп барады.

● БІЛІМ

Ағылшын тілі оқытыла ма?

Қазақстанда жаңа оқу жылынан бастап кейбір сыныпқа арналған мектеп бағдарламасына өзгеріс енуі мүмкін. Оқу-ағарту министрінің осы мазмұндағы бұйрық жобасы «Ашық» НҚА порталында жарияланды.

Гүлнұр СЕРІКЖАНҚЫЗЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

«2023 жылдың 1 қыркүйегінен бастап 2-сыныпта «Көркем еңбек» пәнінің орнына «Еңбекке баулу» және «Бейнелеу өнері» пәндері енгізіледі. «Шет тілі» пәні алынып тасталады», – деп жазылған бұйрық жобасында.

Сонымен қатар, оқу жүктемесінің аз болуына байланысты 10-11 сыныптардың оқушылары үшін «Шет тілі» пәніне тағы бір сағат қосылады.

«Қазақстандық білім беруді жаңғыртудың осы жылғы негізгі бағыттары – оқушыға түсетін жүктемені азайту, STEM білім беру тәсілдері, тәрбиелік компонент негізінде жаратылыстану-математикалық пәндерді оқытуды күшейту, білім алушыларды ерте әлеуметтендіру және кәсіптік бағдарлау, білім берудің инклюзивтілігін күшейту, тұрғылықты жеріне және оқыту тіліне қарамастан, сапалы білім алуға тең қолжетімділікті қамтамасыз ету», – делінген құжатта.

Егер құжат қабылданса, 11 жылдық оқыту шеңберінде оқу бағдарламаларын жетілдіру жөніндегі жүйелі жұмыс жасалады деп күтілуде.

Бұйрық жобасы 24 сәуірге дейін көпшілік талқылауда болады.

● ЖАСТАР САЯСАТЫ

Кеңес беретін жедел топ

Жастарға арналған мемлекеттік бағдарламаларды түсіндіру үшін «Жастарға кеңес» атты мобильдік топ Қарағанды облысының қалалары мен аудандарын аралайды. Қазір топ өкілдері «Жастарға арналған жұмыс» жаңа жобасы бойынша кеңес беруде.

Жоба оқу орындарының түлектері мен жұмыссыз жүрген қыз-жігіттердің жұмысқа орналасу мүмкіндігін кеңейтуге бағытталған.

12 сәуірде мобильді топ Шахтинск қаласына барды. Қала жастарына облыстық Жастар ресурстық орталығы, халықты жұмыспен қамту орталығы, «Отбасы Банк» АҚ, Халыққа қызмет көрсету орталығы, медициналық сақтандыру қоры, «Атамекен» кәсіпкерлер палатасы мамандары мен аудандық мәслихат депутаттары кеңес берді.

– Жастармен кездескенде көбінің мемлекеттік бағдарламалар туралы білмейтінін байқаймыз. Сол себепті «Жастарға кеңес» жобасы іске қосылды. Бұған дейін біз Абай және Бұқар жырау аудандарына барғанбыз. Ол жерде де әр саладағы мемлекеттік бағдарламалар туралы айтып бердік. Осындай кеңестер берілгеннен соң жастар жергілікті Жұмыспен қамту орталығына барып, әрі қарай бағыт-бағдар алады. Біз аптасына бір рет аудандар мен ауылдарға баруды жоспарлап отырмыз. Мобильді топтардың жұмыс кестесін «Жастар рухы» филиалының Instagram парақшасында жариялаймыз: @jastarruhy.qaragandy, – деді AMANAT партиясының «Жастар Рухы» жастар қанатының Қарағанды облыстық филиалының төрағасы Ержан Хамитов.

Өз тілшіміздің

Сот саласындағы соны қадамдар

Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы ұсынған саяси реформалар легі Жаңа Қазақстан құрылысының тарихи кезеңі екендігіне шүбә жоқ. «Халыққа қажетті реформаларды жүзеге асыру – менің Президент ретіндегі міндетім» деп атап өтті Қасым-Жомарт Кемелұлы. Егемен еліміздің Ата Заңында мемлекеттің басты құндылығы – адам және оның өмірі деп көрсетілді. Енді осындай тәуелсіз елдің азаматтарының ұғымы мен құқығы лайықты деңгейде қорғалуда ма? Президент реформаларының сот саласындағы бүгінгі орындалысы туралы сөз еткенді құп көрдік.

Ерқанат КЕҢЕСБЕКҰЛЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Сот дегенде, көз алдымызға қара киініп, үкім ететін қатал адамның елестері рас. Соңғы кезде қолданыстағы заңдарымыздың өңіріміздегі жаңашылдығы ұғында мәлімет қажет болды. Сот саласындағы өзгерістер қарқын алғаны жалпыға жасырын емес. 2019 жылдан бері 41 заң әзірленсе, оның 31-і күшіне енген. Судьяларды іріктеу тәртібі өзгерді. Сот шешімінің форматы өзгертілді. Бүгінде кез келген сот өкілі тиісті шешім шыққан соң оның мән мен мазмұнын қоса түсіндіреді. Фронт-офистер енгізілуде. Сот үдерісінің көпшілігі қазір онлайн режимде өтуге ыңғайланды. Жекелеген тұрғындар өтініші бойынша офлайн режимінде де өткізу мүмкіндігі бар.

Мемлекет басшысы «Қазақстан Республикасының сот жүйесі және судьялардың мәртебесі туралы «Қазақстан Республикасының Конституциялық заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Конституциялық заңға және «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне процестік заңнаманы жетілдіру және сот жүйесін реформалау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заңға қол қойды. Мұның өзі бұрын болған көптеген кедергілердің бетін қайтарды.

Түзетулер енгізілгеннен кейін ювеналды соттардың соттылығы кеңейеді. Атап айтқанда, кәмелетке толмағандардың істері жөніндегі мамандандырылған ауданаралық соттардың құзыретіне кәмелетке толмаған балалар болған кезде некені бұзу және мүлікті бөлу туралы азаматтық істер жүктеледі.

Апелляциялық сатының ролін күшейту бөлігінде іс жүргізу заңнамасы және сот жүйесін реформалау жетілдірілді. Бұл судьялық қателіктердің санын азайтуға, сот актілерінің сапасын арттыруға, сот практикасының біркелкілігін қамтамасыз етуге, азаматтар мен кәсіпкерлердің бұзылған құқықтарын тезірек қалпына келтіруге мүмкіндік береді.

– Сот саласындағы реформа – өте күрделі процесс. Кез келген өзгеріске таразы басын тең тартып, байыппен келген абзал. Сандарға тоқталып өтсек, соңғы 20 жылда республика бойынша күніне 20 мыңға тарта іс тіркелетін еді. Өзіңіз сараптай беріңіз. Бұл сот өкілдеріне адам сенгісіз ауыртпашылық екендігі түсінікті. Бүгінде іске асырылған табысты реформалар арқасында судьялар істеуі қажет емес міндеттер нотариустер мен мемлекеттік органдарға жүктелді. Дауларды шешудің балама тәсілдері даму үстінде. Көптеген облыстарда әкімдіктермен бірлесіп, соттан тыс медиация орталықтары құрылды. Бұрын істі мәні бойынша қарау көтермеленетін, қазір қағидат өзгерді. Мемлекет тараптарды татуластыруға көбірек көңіл бөледі. Бұл – сот төрелігінің үрдісі, – дейді Қазыбек би аудандық № 2 сотының судьясы Динара Тегжанова.

Салыстырып өтсек, шетелде түрлі даулардың 70-90 пайызы медиация жолымен шешіліп жатады. 2020 жылдан бері бізде де штаттық судьялар медиациямен айналысып келеді. Әу бастан қолына түскен талап-арыз бойынша сот өкілі қос тарапты шақырып алып, түсіндірме жұмыстарын жүргізеді. Осының арқасында көпшілік жұрт татуласу шартына көніп жатады. Яғни, гәптің бәрі адамға түсіндірме жұмыстарының қажет екендігін көріп отырмыз. Дәйек: бұрынырақ әр тоғызыншы іс бойынша бейбіт келісім орнаған болса, қазір әрбір үшінші іс бойынша тараптар ымыраға келуде.

«Цифрлы Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасын іске асыру шеңберінде соттардың электронды залдары құрылды. Осы арқылы электронды құжат алмасу үдерісі барынша оңтайланды. Мұнымен бірге, жасанды интеллект қосымшалары қоса енгізілуде. Смарт сот жобасы бойынша істерді қарастыру үрдісін оңтайландыру шаралары әлі де жүзеге асуда.

РЕФОРМА – ӨМІРШЕҢ ӨЗГЕРІСТЕР

Әдетте кез келген азамат құқығының тапталғанын аңғарған болса, құқығының қорғалуын талап ететін жер таба алмай абдырайтыны бар. Мұндайда әр өңірде фронт-офистер мен сот канцеляриялары соғып, жауап ала алады.

Адвокат Илья Малахов та «Сот жүйесіне сенімдісіз бе?» деген сұрағымызға жауап бере кетті. Сөзінше сот төрелігінің дербестігін әлі де айқындай түсу керек. Себебі, «сот төрағасы» деген лауазым көптеген соттың толыққанды тәуелсіз шешім қабылдауына кедергі жасауы бек мүмкін.

– Анығында сот ешкімге ешқашан тәуелсіз тұлға болғаны бірінші шарт. Жаңа Қазақстандағы сот халық сенімі тарапынан сайланғаны абзал деп те санаймыз. Себебі, адам тағдырын шешетін болғандықтан, кез келген үкім шығарушы жан халық сеніміне ие болғаны орынды. Сонда сот төрелігі халыққа есеп беретін әділетті сипат алары сөзсіз. Алайда, түбегейлі нәтижелерге қол жеткізу үшін бізге уақыт та қажет. Сана қалыптасқаны маңызды. Сондықтан, бұл тұрғыда қорытынды шығарып нүкте қою әлі ертерек,– деп санайды адвокат.

Алаш арысы Міржақып Дулатов «Халықтың жайын, салтын, рәсімін, тілін білмейтін сот – сот емес, сор» деген екен. Қазақстанда сот жүйесін жаңғырту жалғасуда. Қазіргі уақытта, ел Президенті атап өткендей, Соттардың қызметін неғұрлым тиімді және ашық етуге арналған жаңа нормалардың нақты іске асырылуын қамтамасыз ету қажет. Президент қозғау салды, Үкімет жүзеге асыруда. Енді халықтың алғысын арқалар төрелігі тура сот жүйесінің де ауылы алыста болмас деген сенім білдірелік.

● ҚОҒАМДЫҚ КЕҢЕС ОТЫРЫСЫНДА

Бүйірі тоқ бюджет, мақсатты жұмсау – міндет

Облыстық бюджет қаражатының жартысына жуығы әлеуметтік салаға жұмсалады. Бұл туралы қаржы басқармасының басшысы Людмила Башарина өңірлік Қоғамдық кеңестің кезектен тыс отырысында мәлімдеді. 2023 жылдың екінші тоқсанында бюджетті нақтылау кезінде облыстағы басым жобалар ескерілген. Одан бөлек, бұған дейін қабылданған міндеттемелерді аяқтау да жоспарда бар.

Салтанат ІЛИЯШ,
«Ortalyq Qazaqstan»

– Облыстық бюджет нысаналы трансферттер мен бюджеттік кредиттерді ескере отырып, 474,3 миллиард теңгені құрайды. Ал, жоспарланып отырған бюджетке 12,9 миллиард теңге көлемінде басқа көздерден келген қаржы көлемі тағы бар. Осылайша нақтылауды ескере отырып, облыстық бюджет 487 миллиард теңге екенін айту керек. Ол өзінің әлеуметтік бағытын сақтап қалды. Мәселен, осы салаға 2,5 миллиард теңге қарастырылады. Қаржының ауқымды бөлігі денсаулық сақтау басқармасына беріледі. Өңір медицинасына 893 миллион теңге бағытталатынын айту керек. Оның жартысына жуығы материалдық-техникалық базаны нығайтуға жұмсалады. Қалған сома ауылдық өңірлердегі дәрігерлерге біржолғы әлеуметтік қолдау төлеуге, сондай-ақ кадрлардың біліктілігін арттыруға және қайта даярлауға арналған, – дейді Людмила Викторовна.

Егер нақтылар болсақ, жоғарыда аталған соманың 417,6 миллион теңгесі төрт ұйымның материалдық-техникалық базасын нығайтуға және бес денсаулық сақтау ұйымына күрделі жөндеу жүргізуге бөлінеді. Ал, бюджеттен бөлінетін қаржының қалған 475,4 миллион теңгесі ауылдық өңірлердегі мамандарға әлеуметтік қолдау көрсету, кадрлардың біліктілігін арттыру мен қайта даярлау және жалақыны көтеруге жұмсалады.

Білім беру саласы – медициналық саладан кейінгі орында. Оған бюджеттен 766,2 миллион теңге қарастырылған. Қаржының үштен бір бөлігі мектептер мен балабақшаларда қазандықтар сатып алуға және жылу жүйесін жөндеуге жіберіледі. Ал, Қарағанды қаласындағы көру қабілеті бұзылған балаларға арналған №1 арнайы мектеп-интернатын күрделі жөндеуге 500 миллион теңге жұмсалады. Бюджеттің білім саласына бөлетін 766,2 миллион теңгенің 37,0 миллион теңгесіне атаулы әлеуметтік көмек алатын отбасылардан шыққан мектепке дейінгі ұйымдарда тәрбиеленушілер тегін тамақпен қамтамасыз етіледі.

Спортты дамытуға бюджеттен шамамен 380 миллион теңге жұмсау ұсынылады. Оның 310 миллионы «Шахтер» стадионы мен «Қайрат» ұлттық және ат спорты түрлері мектебін жөндеуге арналған.

Ал, мәдениет саласына бөлінетін қаржы – 324,8 миллион теңге. Бұл ақшаның біраз бөлігі мәдениет нысандарының материалдық-техникалық базасын нығайтуға, мәдени-бұқаралық шараларды өткізуге жұмсалады. Одан бөлек, С.Сейфуллин атындағы қазақ драма театры жанындағы қуыршақ театры үшін қосымша штаттық бірліктерді енгізу де биылғы бюджет есебінен. Тіпті, осы театрдың гастрольдік шығыстары да қарастырылған.

– 94 миллион теңге жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасына жіберіледі. Оның жартысынан көбі Шахтинск арнаулы әлеуметтік қызмет көрсету орталығындағы үй-жайларды жөндеуге жұмсалады, – дейді Людмила Башарина.

Сондай-ақ, биыл әлеуметтік қорғауға бөлінетін 94,1 миллион теңгенің 12,8 миллион теңгесіне мүгедек балаларға арналған «Сыйымдылығы аз үйлер» жобасы іске асырылатынын айту керек.

Ал, ішкі саясатқа бөлінетін 37,3 миллион теңгенің 18,0 миллион теңгесіне «Баспа үйі» ғимаратының балансқа қабылданған бөлігін күтіп-ұстау, жай-күйіне техникалық тексеру жүргізу жөніндегі қызметтерге ақы төлеу және техникалық қорытынды беру жүргізілетінін айту керек.

2023 жылғы бюджеттен полиция департаментіне де аз қаржы бөлінбейді. 629,8 миллион теңге нысанды киім-кешек сатып алуға, ғимарттарды жөндеуге, «Цифрлық полицей» жобасы аясындағы бейнетіркегіштер сатып алуға, көші-қон заңнамасын бұзған шетелдіктерді елден шығаруға жұмсалады.

Облыстың Қоғамдық кеңесінің төрағасы Жәнібек Садықановтың айтуынша, басқармалар бөлінген қаражатты игеруге ғана емес, орындалған жұмыстардың сапасын бақылауға да мүдделі болуы тиіс.

– Өңірдің әлеуметтік-экономикалық жағдайын жақсартуға көп ақша бөлінуде. Облыста бұл үшін мүмкіндік бар екені қуантады. Бюджетті нақтылау кезінде сұралған барлық ақша уақытылы маңызды жобаларды жүзеге асыруға бағытталады деп сенгім келеді, – дейді ол.

Ал, Қоғамдық кеңес мүшелерінің Людмила Башаринаның баяндамасынан кейін бюджеттік бағдарламалардың әкімшілеріне тікелей сұрақтары болды. Мәселен, «полиция департаментінің «Цифрлық полицей» жобасы аясындағы бейнетіркегіштер сатып алуға жұмсайтын 67,4 миллион теңгесі қисынды ма?» дейді олар. Департамент өкілінің айтуынша, 2016 жылдан Ішкі істер министрлігі бейнетіркегіштер алуды міндеттеген. Бұған дейін аталған құрылғыларды меншігіне сатып алып келгенімен, биылдан жалға алмақшы. Оның басты себебі – 1700 құрылғыны жөндеу жұмыстарына шамамен 50 миллион теңгеден астам қаржы жұмсап келген. Сондықтан, биылдан кезең-кезеңімен жалға алуға көшпекші. Яғни, биыл мыңға тарта құрылғы алынады. Бұл жағдайда бейнетіркегіштердің дұрыс жұмыс жасауы, жөндеу жұмыстары мен оларға қызмет көрсету тікелей жалға берушінің міндетіне кіреді де, шығын да азаяды.

Бірақ, Қоғамдық кеңес төрағасы Жәнібек Садықанов «Департамент «қылдың үстінде отырғандай», жыл сайын бейнетіркегіш жеткізушінің жағдайына қарап отыра ма? Мәселені басқаша шешуге болмай ма?» дейді. Нәтижесінде, егер аталған бейнетіркегіштер алынатын болса, жалпақ жұртқа жария етіп көрсеткен жөн болар деген пікірін білдірді. Себебі, бөлінетін сома қомақты.

Қоғамдық кеңес мүшесі Меруеш Башай қоғамдағы түйткілді мәселе – бұралқы иттерге қатысты сұрақ қойды. Облыстық ветеринария басқармасы өкілінің айтуынша, оларды ұстауға арналған тәлімбақтарға өткен жылы 25 миллиард бөлінсе, биыл 146 миллион теңге қарастырылмақ. Меруеш Башайды өзгелері де қолдады.

– Бұл мәселе ашық түрде көрсетілуі керек. Өйткені, қоғамда дәл осыған қатысты көптеген сұрақтар туындауда. Ветеринария басқармасы Қоғамдық кеңес алдында есеп бергені дұрыс. Қарағандыда ит мәселесі қатты өршіп тұр. Оған ақша бөлінетін болса, бұралқы ит неге көп? – дейді облыстық Қоғамдық кеңес мүшесі Аманжол Оразалиев.

Қоғамдық кеңес бұл мәселені жіті наразға алып, бюджеттік бағдарлама әкімшісіне конкурсты дұрыстап өткізуді тапсырды.

– Бөлінген қаржыны игеру керек деп, жұмыс сапасына немқұрайлы қарауға болмайды. Ал, егер игере алмай қалғандар, Қоғамдық кеңес алдында есеп бергені дұрыс. Бөлінген қаржы мақсатқа сай жұмсалмаса, мәселе облыс әкімінің алдында қарастырылатын болады, – деді Жәнібек Садықанов отырыс соңында.

● ЖАҒЫМДЫ ЖАҢАЛЫҚ

Естір «құлақ» ескерді

Қай тілде, қай мектепте оқитынын бала мен ата-анасы шешеді. Бұл – олардың Конституциялық құқығы. Оған ешкім де қол сұға алмайды. Бірақ, олар қай тілде, қай мектепте оқимын десе, таңдау болуы тиіс қой. Мәселен, Қарқаралы қаласындағы №2 Әлімхан Ермеков атындағы орыс мектебі биылдан қазақ сыныптарын ашуға ынталы. Әрине, ата-аналардың ұсынысымен.

Сағыныш ӘБІЛ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Білім ошағы 1969 жылы алғаш қолданысқа беріліп, орыс мектебі ретінде бала оқыта бастады. Осы жылдар аралығында шәкірттеріне тиісті деңгейде білім беріп, елеулі жетістіктерге қол жеткізіп келеді.

Жыл сайын ҰБТ-дан жоғары нәтиже көрсетуде. Үздік оқушылар тәрбиелеп, сапалы білім деңгейін көрсетуде. Алайда, қала тұрғындары осыдан екі жыл бұрын қазақ балалары алғаш өз ана тілінде әліпбиін тануы керек деген мәселе көтерген болатын.

– Орыс мектебі үйдің іргесінде. Үйдегілер кішкентай немеремді орыс мектебіне бере салайық деді. Әжесі – орыс мектебін бітірген әрі орыс тілі пәнінің мұғалімі. Ал, менің ұстанымым бойынша ол қазақ болғаннан кейін қазақша оқу керек. Адам өз тілінен неге жерінуі керек? Қала басында О.Жәутіков атындағы №1 және М.Бәпиұлы атындағы №44 мектеп қазақ тілінде білім береді. Немеремді №44 мектепке бердім. Қазір 8 сыныпта оқиды. Ерінбей апарып, алып келіп жүрдім. Оның алдында кенже баламды да қазақ мектебіне тасып жүрдім, – дейді осы бастаманы алғаш көтерген Қазақ ССР-нің оқу ісінің үздігі, ұлағатты ұстаз Мейірхан Қасымжанов.

Аудан әкімінің қала халқымен есепті кездесуінде осы бастаманы көтерген Мейірхан Қасымжановқа қарсылық білдіргендердің қарасы қалың болды. Орынды пікірді қолдамаған да өзіміздің қазақтар еді. Аудан басшылығы «жұмысы көп» деп сылтауратты.

– Өкінішке қарай, көптеген ата-аналар ескі сарынмен кетіп қалған. Орыс тілін білмесең, нан тауып жей алмайсың, адам болмайсың дейді. «Нан жеу үшін өмір сүрмеу керек, өмір сүру үшін нан жеу керек» деп үнемі айтып жүремін. «Орыс тілін оқысаң да нан жейсің, қытай тілін оқысаң одан да көп нан жейсің. Солай екен деп баба тілін, ана тілін, салт-дәстүр, ұлттық құндылықты сатып, нан жеу керек пе?» деп қатты айтқан кездерім де болды, – дейді зейнеткер ұстаз.

Жалпы, қала басындағы үш мектепте 1715 оқушы білім алуда. Оның ішінде №1 орта мектепте қазақ тілді оқушылар білім алады. №44 орта мектептегі 300 оқушының арасында 1 татар, 2 өзбек ұлтының баласы да қатарластарынан қалыспай, мемлекеттік тілде білім алуда. Ал, №2 орта мектептегі 593 оқушы орыс тілінде білім алады. Оның 68-і өзге ұлт өкілдері. 43 оқушы – орыс, 5-еуі украин, 6-уы татар, 6 – неміс, 3 – шешен, 2 – тәжік, 1 – поляк, 2 башқұрт ұлтының өкілдері. Қай мектепте, қай тілде оқу керектігін ата-ана мен бала таңдауға әбден құқылы. Дегенмен, ұлттық құндылықты ескеру, ана тілге құрмет көрсету деген мәселе де жоқ емес.

Бұл мәселенің көтерілгеніне біраз уақыт өтсе де, жылдар жылнамасында қалып келді. Алайда, биылғы оқу жылынан қазақ сыныбын жасақтау керек деген тұжырымға сай, шаруа қауырт қолға алынды. Осы уақытқа дейін жабылы қазан күйінде қалып, аз ғана уақыттың ішінде қабылданған шешімнің мән-жайын білмек болып аудандық білім бөлімінің басшысы Арғын Елеусізовке хабарластық.

– «Қарқаралы ауданының білім бөлімі» ММ-нің 2023 жылғы 16 наурыздағы №64/НҚ бұйрығына сәйкес, қазақ сыныптарына қабылдау басталды. Жарғыда «жалпы білім беретін» мектеп деп жазылған. «Орыс мектебі» деп еншіленген атауы жоқ. Мектепке 2020 жылы жергілікті бюджеттен 110 млн. теңге бөлініп, күрделі жөндеу жүргізілді. Төбесі жабылып, жылу және электр жүйесі қалпына келтірілді. Дәлізі, спорт және акт залдары жөнделді, – деді білім бөлімінің басшысы.

Қарқаралы ауданы

● ӘЛЕУМЕТ

Жарты миллионға жуық адам АӘК алады

Жансая ОМАРБЕК,
«Ortalyq Qazaqstan»

Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі мәліметіне сәйкес, ел бойынша 456,7 мың адамға атаулы әлеуметтік көмек тағайындалды. 87 мың отбасын қамтамасыз ету үшін бюджеттен 73,9 млрд. теңге бөлінді.

АӘК отбасының әрбір мүшесіне жан басына шаққандағы орташа табысы өңірдегі ең төменгі күнкөріс деңгейінің 70%-ынан төмен азаматтарға тағайындалады. Жыл басынан азық-түлік себетінің орнына ақшалай көмек берілуіне байланысты төлем 1 жастан 6 жасқа дейінгі балаларды қоса алғанда 1,5 АЕК мөлшеріне (2023 жылы – 5175 теңге) ауыстырылды.

2023 жылғы 1 сәуірдегі жағдай бойынша АӘК алушылар қатарындағы 1 жастан 6 жасқа дейінгі балаларды қоса алғанда – 137,3 мың балаға қосымша төлем тағайындалды.

Қазіргі уақытта қазақстандықтар АӘК тағайындауға өтінішті тұрғылықты жері бойынша жұмыспен қамту орталығында, ауыл округінің әкіміне, сондай-ақ, egov.

kz электрондық үкімет порталы арқылы бере алады.

Облыста атаулы әлеуметтік көмек төлеуге 898,6 млн. теңге қарастырылған. Оның 699,7 млн. теңгесі республикалық бюджеттен, 198,9 млн. теңгесі жергілікті бюджеттен аударылды.

Биылғы жыл басындағы дерек бойынша атаулы әлеуметтік көмек 2 672 отбасына (оның ішінде 932 көпбалалы отбасына), 12 243 адамға тағайындалды.

Оразбековтің есімі ескерілсін

(Соңы. Басы 1-бетте)



Содан кейін машинкаға басылған «Би-ағаның бір баласы» деп аталатын 50 бет очеркімді алып, «Орталық Қазақстан» газетінің бас редакторы Нұрмахан Оразбеков ағаға бардым. Соның алдында бірер жыл бұрын «Социалистік Қазақстан» газетінің облысымыздағы меншікті тілшісі Бағдат Мекеев екеуіміз Нұрекеңе сәлем беріп, қызметімен құттықтап, өзімізді таныстырып шыққан болатынбыз.

– Қалдырып кет, көрейін, – деді ол.

Ертеңінде «Орталық Қазақстан» газетінің кезекті санында осы очеркімнің бірінші бөлімі жарқ ете қалды. Содан апта бойы күн сайын үзбей жариялап тұрды.

...Әлі есімде, 1991 жылдың қыркүйек айының бел ортасы еді.

Кеңес Одағының Батыры Тоқтар Әубәкіров қазақ халқының атынан ғарышқа қанат қаққалы отырған қуанышты кезең болатын.

– Жігіттер, бұл біздің халқымыз үшін ақ түйенің қарны жарылатын торқалы той ғой! Осы күнді қазақ халқы 30 жылдан бері сарғая күтіп келді. Біз бұл тарихи оқиғадан қалыс қалмайық. Ғарыш айлағына редакциямыздың бір жігітін арнайы іссапарға жіберейік. Тоқтар батырдың ғарышқа қалай ұшқанын өз көзімен көрсін. Газетімізге сол тарихи сәттен жедел түрде репортаж дайындасын. Бұған қалай қарайсыңдар? – деді редакцияның кезекті апталық лездемесінің соңында бас редакторымыз Нұрмахан Оразбеков.

– Тіпті тамаша болар еді!

– Оған сөз бар ма?

– Әрине, қолдаймыз! Тамаша ұсыныс!– деп ду ете қалды журналист ағаларым мен апаларым тұстұстан.

– Онда жөн. Ал, кімді жібереміз? – деп жымия қарады Нұрмахан ағамыз.

Редакцияның ақпарат бөлімінің меңгерушісі болып қызмет атқарып жүрген кезім еді. «Сен тұр, мен атайын» деп жүрген орда бұзар 30 жастағы кезім ғой. Алдымды біреу орап кетердей көрсем керек.

– Мен барайыншы! – деп орнымнан қарғып тұрдым.

– Иә, Төлеубай барсын. Жазуы да ұшқыр. Бөлімі де ақпарат саласы. Жолы да, жөні де солай ғой өзі, – деді әріптестерім.

Бұл ұсынысты бас редактор да қолдады.

Ол тиісті орындармен сөйлесіп, арнайы хат жолдады. Ғарыш айлағына баратын республика журналистерінің тізіміне мені де қосты.

Сол тарихи оқиға туралы «Орталық Қазақстан» газетінің екі санында «Сұңқардың самғау сәті» деп аталатын деректі репортажым жарияланды. Бұл журналистік еңбек жолымдағы жарқын сәттердің бірі ретінде жадымда қалды.

Ол облыстық газетке редактор болған жылдары Қарағанды облысының экономикалық және өнер мен мәдениет, білім мен ғылым және тағы да басқа салаларын одан әрі дамыту туралы көптеген проблемалық мақалалар жарияланды. Сол уақыттан бері облысымыз бен Қарағанды қаласы қарыштап дамып келеді. Бұған бас редактор Нұрмахан Оразбеков басқарған облыстық басылым журналистерінің де қосқан сүбелі үлесі бар. Олар қайламен болмаса да, қаламмен із қалдырып, газет бетінде аймақтың өзекті мәселелерін көтеріп жүрді.

Нұрмахан аға Қарағанды облысының «Орталық Қазақстан» газетінің бас редакторы болып қызмет атқарып жүрген кезеңінде елдің арасына аңыз болып тараған ерен ерлік жасаған еді.

Кеңес Одағында орын алған 1991 жылғы тамыз бүлігі кезінде оның облыстық газеттің бірінші бетінде жариялаған атақты «Иә, бұл – төңкеріс» деген мақаласы – тарих қойнауында хатталып, ұрпақ жадында жатталып қалды.

Сол кезеңде басқалар не істерін білмей абдырап қалғанда, Қазақстан түгілі, Кеңес Одағы бойынша бүлікшілерді әшкерелеп, газетке жарияланған алғашқы мақала осы болатын! Мұны сол кезеңде Кеңес Одағына таралып тұрған беделді «Журналист» журналының өзі мойындаған еді.

***

Қадірлі Нұрмахан аға көзі тірісінде сый-құрметтен кенде болған жоқ. Ақпарат саласындағы ұзақ жылғы адал еңбегі үшін «Мәдениет қайраткері», «Түркістан қаласының Құрметті азаматы» атанды. «Парасат», «Құрмет» ордендерімен және бірнеше медальдармен марапатталды.

Дегенмен, Қарағандының қалың көшелерінің біріне ардақты Нұрмахан Оразбековтің атын берсе болар еді ғой.

Сол көшенің көрнекті бір тұсына оның қола бюстін орнатса, қандай жарасымды болар еді!

Қарағанды қалалық мәслихатының депутаттары бұл ұсынысты қолдайды деп сенгім келеді.

Сол сияқты Қазақстан Журналистер одағының Қарағанды облыстық филиалы журналистердің арасында Нұрмахан Оразбеков атындағы арнайы сыйлық тағайындап, жыл сайын баспасөз күні қарсаңында конкурстық жолмен лайықты үміткерге табыстап тұрса деген тілек бар.

Қадірлі Нұрмахан аға мұндай құрметке әбден лайықты азамат емес пе?!

Ол өмірден өтсе де, көңілден көшкен жоқ.

Төлеубай ЕРМЕКБАЕВ,
Қазақстан Журналистер одағының мүшесі

ҚАРАҒАНДЫ

Бас жоспар – басты бағдар

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Сындарлы қоғамдық диалог – Қазақстанның тұрақтылығы мен өркендеуінің негізі» атты Жолдауында туризмнің, әсіресе, эко және этнотуризмнің дамуына экономиканың маңызды саласы ретінде ерекше көңіл бөлуді тапсырды. Аймақтағы туризмге барынша қолайлы өңірдің бірі – Қарқаралы ауданы. Қарқаралы мемлекеттік ұлттық табиғи паркі аумағында туризмді дамыту үшін барлық қажетті мәдени, тарихи құндылықтармен қатар географиялық-климаттық жағдай да бар. Осы орайда, парк аумағында туризм және рекреация инфрақұрылымын дамытудың Бас жоспары жасалған.

Сағыныш ӘБІЛ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Ұлттық табиғи парк аумағының жалпы ауданы – 112,1 мың гектар. Оның ішінде, туристік-рекреациялық аумақ – 21,3 мың гектар. Яғни, парк аумағының 19 %-ы.

Парк аумағындағы туристік нысандардың санын көбейтіп қана қоймай, рекреациялық инфрақұрылымын нығайту да маңызды. Ол дегеніміз – сауықтыру іс-шаралар кешенін жасақтау. Мазмұнды демалыс ұйымдастыру үшін мәдени-танымдық мүмкіндіктермен қатар, ойын-сауық ұйымдастыруға да жіті мән берген жөн.

Сайып келгенде, туризм – мемлекет жарнамасы. Алыс-жақын шет елден келгендер еліміздің көркем табиғатына тамсанып қана қоймай, оның тарихи-мәдени құндылықтарына да қызығушылық танытуда. Қарқаралы жері де қазіргі таңда тек көркем табиғатымен ғана шектелмей, тарих пен археологиялық қазбалардың, мәдениет пен өркениеттің, ел мен жердің, сәулет пен ескерткіштердің тартымдылығымен ерекшеленіп отыр.

Мәселен, Қарқаралыға 2022 жылы 29 мыңнан астам турист келген. Бұл – ресми түрде парк аумағындағы бекеттерге тіркеліп, ақылы түрде өткендер. Ал, тіркелмей келіп жатқандардың саны тіптен көп. Ұлттық парк мамандарының болжауынша, орта есеппен

жылына 40 000 турист келеді екен. Жылдың төрт мезгілінде сыртқы келушілердің қарасы азайған емес. Сол себепті, демалушыларға қолайлы жағдай туғызу, қажетті туристік орындармен қамтамасыз ету және инфрақұрылымын қалпына келтіру мәселесі туындап отыр.

Бас жоспардың басты мақсаты – туризм мен рекреациялық инфрақұрылымды дамыта отырып, табиғатты сақтау. Бас жоспарға сәйкес жалпы ауданы 56,15 гектар болатын 50 жаңа учаске қосылған. Оның – 15-і ұзақ, 35-і қысқа мерзімге пайдалануға беріледі. Бұл жерлердің аумағында туристік лагерьлер мен демалыс орталықтарын, кемпингтер, тамақтану пункттерін салу жоспарланған.

– Туризм және рекреация инфрақұрылымын дамытудың Бас жоспары 2012 жылы бекітілген болатын. 2020 жылдың тамыз айында «Теміртау қаласының сәулет-қала құрылысы орталығы» өндірістік кооперативімен ұлттық парктің инфрақұрылымын дамытудың бас жоспарына түзету жүргізілді. Бірақ, соңғы екі жылда Мемлекеттік ұлттық табиғи паркі туризм және рекреация инфрақұрылымын дамытудың бекітілген бас жоспарының болмауына байланысты жерлер жалға берілген жоқ. Бүгінгі таңда бас жоспар Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитетімен келісілді. Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігі Бас жоспарды экологиялық сараптамадан өткізді. Ол 2023 жылғы 16 наурызда №27-5/45НҚ бұйрығымен бекітілді. Осы жоспарға сәйкес қосымша 9 учаске ұзақ мерзімді, 10 учаске қысқа мерзімді пайдалануға берілді. 15 учаске ұлттық парктің ақылы қызмет көрсететін орындары болып есептеледі. Осы аймақтардан жер учаскелерін беру туралы конкурсты маусым айында өткізу жоспарланып отыр, – дейді Қарқаралы ұлттық табиғи паркі туризм бөлімінің маманы Зоя Коваленко.

Аудан аумағында орналасқан 35-тен астам демалыс орны бір мезгілде 2500 адамды қабылдауға мүмкіндігі бар. Ал, туристер санының өсуі тұрақтайтын орындардың кемдігін айғақтады. Бас жоспарда жалға берілетін учаскелердің көбеюі мен мерзімінің ұзаруы алдағы уақытта туризмнің әлеуетін арттыруға мүмкіндік береді.

– Ұлттық парк аумағынан 1800 шаршы метр жерді жалға алып, 30



орындық демалыс орнын салдым. Үш үй, киіз үй және шатырлар бар. Құрылыс жұмыстары мен инфрақұрылыммен жабдықтауға несие алдым. Жалға алу мерзімін бес жыл сайын ұзартып отырамыз. Жылына 200 мың теңге көлемінде жалға алу ақысын төлеймін. Демалуға келетін туристер саны жаз мезгілінде көп, тіпті, орын болмай қалатын кездер жиі. Бұл мен секілді жалға алушы кәсіпкерлер үшін өте тиімді. Келген туристерге қолайлы жағдай жасауға тырысудамыз. Туристерге қызмет көрсетуде табыс көлемі мол деп айта аламын, – дейді «Қарқаралы – Бағдарлау» демалыс орнының басшысы Михаил Савровский.

Жалпы, аудан аумағындағы туристік орындарда демалыс маусымында орын болмайтыны анық. Бұл кәсіпкердің қалтасын қалыңдатады. Жергілікті бюджетке де қосымша түсім. Тек бір айта кетерлігі, жалға берілетін жерлерге электр желісі, ауыз су құбыры мен кәріз жүйелерін тарту кәсіпкердің еншісінде.

Туризмді дамытуды қолдау бір басқа да, аумақтағы ортақ инфрақұрылым проблемасы – бір басқа. Мәселен, әр кәсіпкер немесе инвестор өзіне тиесілі аймақты ғана қажетті инфрақұрылыммен жабдықтайды. Ал, сол туристік нысанға Қарқаралының қараса көз тоятын табиғатын тамашалауға келетіндер жол азабын көріп келеді.

Қарқаралы мемлекеттік ұлттық табиғат паркі аясындяа туризм мен рекреациялық инфрақұрылымды дамытуға арналған бас жоспар Қарқаралыдағы туризмді дамытудың, өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуының басты бағдары болар деген сенім бар.

Талап күшейсе, сапа артады

XX ғасырдың басында Мағжан Жұмабаевтың «Алты Алаштың баласы бас қосса, қадірлі орын мұғалімдікі» дегеніндей, мұғалімнің орны қашанда, қай уақытта да биік болған. Ал, жаңа ғасырда тәуелсіз мемлекет қабылдаған «Педагог мәртебесі туралы» Заңы мұғалімнің мерейін өсіріп, мәртебесін көтеруге бағытталған тарихи шешім болды. Осы заң мұғалімнің қоғамдағы орны мен беделін айқындап берді. Десе де, педагогтерге қойылатын талап та күшейе түсті.

Гүлнұр СЕРІКЖАНҚЫЗЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

«Білім беру саласында ұстаз – ең басты тұлға»

Баласын оқытқанға құрметпен қарау, мұғалім миссиясының маңызын бағалау дала философиясына да тән. Мұны Абай, Ыбырай, Ахмет Байтұрсынұлы, Мағжан Жұмабаев және халқымыздың басқа да ағартушылары жазды. Ұлттың болашағын тәрбиелейтін мұғалімдердің адам өміріндегі орны мен ролін айқындап, қоғам әрқашан жеке басына жоғары талаптар қоя білді. Бұл жөнінде Ахмет Байтұрсынұлы: «Білімді халықта балаларды педагогикалық ғылымды меңгерген арнайы арнада оқытады. Бұл өте дұрыс, себебі сот заң істерін оқыса, дәрігер медицина ғылымын игереді, ал педагог педагогиканы меңгеруі тиіс», – деп жазды.

Міне, осы құндылықтардың соңғы жылдарда құны түскені жасырын емес. Тек 2019 жылы Мемлекет басшысының бастамасымен «Педагог мәртебесі туралы» Заң қабылданғалы бері мұғалім мәртебесі мен беделі биіктей түсті. Бұл заң педагогикалық идеологияның маңызды құрамдас бөлігіне айналды және білімді ұлт қалыптастырудағы маңызды қадам болды.

Ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев VIII сайланған Парламенттің бірінші сессиясында: «Білім беру саласында ұстаз – ең басты тұлға. Оның қоғамдағы абырой-беделін арттыра беруіміз керек», – деген болатын. Әрине, мемлекеттің негізгі даму көрсеткіші – білім мен ғылым болса, оны жүзеге асырушылар – педагогтер. Осы тұрғыда мұғалімдердің беделін арттыру, сапалы білім беру – мемлекет үшін басты қағидаға айналды.

Облыстың білім басқармасының тамыз конференциясындағы мәліметіне сәйкес, өңірде 24 мыңнан аса педагог қызмет етуде, оның 409-ы магистр дәрежесі бар мұғалімдер. Жаңа жүйе бойынша 13 170 педагог аттестаттаудан өткен.

«Қазір мұғалімге өріс кең»

Қарағанды қаласы А.Байтұрсынұлы атындағы мектеп-гимназияда қазақ тілі мен әдебиеті пәнінен сабақ беретін, 39 жылдық тәжірибесі бар ұстаз Сабира Күлпейісова: «Бұл заң қабылданғалы бері мұғалімдер жүктемесі азайып, шығармашылық жұмыспен айналысуға, оқушыларды олимпиадаға дайындауға уақыт еркін жететін болды» дейді.

– Қазір мұғалімнің жеке тұлғалық дамуына жағдай жасалды. Оның қызметіне жатпайтын жұмыстарға тарту, сенбілік, өзінің шығармашылық өсуіне қажеті жоқ шараларға қатысудан босатылды. Шамадан тыс есеп беру де азайды. Мұғалімнің құқығын қорғау жолға қойылып, жалақысы да артты. Сонымен қоса, бүгінде жұмысқа енді ғана тұрған жас маманға тәжірибелі ұстаздар тәлімгерлік жасайды. Ол құжат бойынша бекітілген болатын. Тәлімгерлік үшін қосымша ақы да төленеді. Яғни, бұл кейінгі жылдары ғана мектепке енгізілген үрдіс. Ал, педагогтерді аттестаттауға келсек, 30-40 жылдық тәжірибесі бар мұғалімдер тестілеуден босатылатыны туралы айтылды ғой. Биыл негізі аттестациядан босатылуым керек, зейнетке шығатын мезгілім жақындады. Портфолио тапсырып, комиссиялық тексеруден өттім. Көп жылдық тәжірибемнен байқағаным, қазір мұғалімге өріс кең. Бұрынғыдай емес, жұмыс істеймін деген талпынысы, ынта-жігері бар мұғалімге мемлекет тарапынан бүкіл жағдай жасалып жатыр. Тек өзі іздене білсе болғаны, – деді Сабира Ізбасарқызы.

Сонымен қоса, кейінгі жылдары педагогтің еңбегін бағалауға қатысты қолға алынған тағы бір маңызды жаңалық – республикалық, халықаралық олимпиадалардан орын алған оқушыларды дайындағаны үшін мұғалімдерге сыйақы берілетіні.

Ал, қазіргі кезде педагогикалық жоғары оқу орындары мен колледждерге мұғалімдік мамандыққа оқуға түсетін талапкерлер арасынан іріктеу қатайды. Мұның бәрі мұғалімнің беделін арттыру үшін жасалып жатқаны белгілі. Педагогикалық мамандықтарға оқуға тапсыратындар ҰБТ-дан 75 баллдан жоғары ұпай жинауы қажет. Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес, олардың шәкіртақысы да жыл сайын артып келе жатыр.

Е.Бөкетов атындағы Қарағанды университетінде мұғалім мамандығын оқып жүрген I курс студенті Абылай Зекен «Ұстаздардың қоғамдағы беделі артып келеді, сондықтан ата-анамның ақылымен және өзім таңдап осы мамандыққа түстім» дейді.

– Ұстаз болу – қиын іс. Себебі, мұғалімдердің жауапкершілігі өте жоғары.

Дегенмен, өзіме сабақ берген ұстазымның жауапкершілігін көріп, мен де сол кісі секілді шәкірт тәрбиелеп, үлкен белестерге шығарамын деп мақсат қойдым. Өзінің мамандығын сүйіп оқыған студент кез келген сынақтан өте алады. Университетте ақылы негізде оқып жатырмын. Десе де, алдағы курстарда грантқа ауысу ойымда бар. Қазір талап та күшейді. ҰБТ-да шекті балл жоғарылады. Білім саласына сапа керек екені айқын, – деді студент Абылай Зекен.

Педагогке қойылар талап жоғары

Ұстаздардың құқығы, беделі, әлеуметтік жағдайы заңмен бекітіліп, құрмет көрсетілген соң, оларға қойылатын кәсіби талап та арта түсті. Ұлт ұстазы А.Байтұрсынұлының: «Мектептің жаны – мұғалім. Ол қандай болса, мектеп те сондай болмақшы. Яғни, мұғалім білімді болса, балалар мектептен терең білім алып шықпақшы. Солай болған соң, ең әуелі мектепке керегі – білімді, педагогика, методикадан хабардар, жақсы оқыта білетін мұғалім» деген сөзі бүгінгі ұстазға қойылатын талапты дөп басып тұр.

РЕФОРМА – ӨМІРШЕҢ ӨЗГЕРІСТЕР

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев VIII сайланған Парламенттің бірінші сессиясында мұғалімдердің, директорлардың және педагогикалық оқу орындары түлектерінің көпшілігі Ұлттық біліктілік тестілеу емтиханынан өте алмағанын сынады.

«Маған кейбір тәжірибелі ұстаздар тиісті министрлік дайындаған тапсырмалар тым күрделі деп шағымданды. Бәлкім, оны жеңілдету, жетілдіру керек шығар. Бұл салада қатып қалған қатаң ереже болмауы керек. Бірақ негізі, ұстаздарға қойылатын талап жоғары болуға тиіс», – деп ескертті.

Сондай-ақ, ел Президенті мұғалім тапшылығын желеу етіп, мектепке кез келген адамды жұмысқа ала беруге болмайтынын, мұндай әрекет ұстаздардың біліктілік деңгейін күрт төмендететінін айтты. «Сол себепті мұғалім даярлау ісін жетілдіру үшін нақты шаралар қабылдау қажет. Бұл – өскелең ұрпақтың болашағына байланысты өте маңызды міндет» деді Қасым-Жомарт Кемелұлы.

Иә, педагог – ұрпақтың да, ұлттың да болашағын тәрбиелейтін маңызды тұлға. Оларға барлық мүмкіндіктер жасалғанымен, талап та күшейгені орынды. Өйткені, мемлекеттің басты мақсаты – сапалы білім беру.

● БРИФИНГ

Орта білімдегі оң қадам

Биылдан бастап аттестаттаудан өтпеген педагогтерге тестілеуден қайта өтуге мүмкіндік беріледі. Осы және өзге де білім беру саласындағы өзекті мәселелер жөнінде Өңірлік коммуникациялар қызметі алаңында өткен брифингте облыстың білім басқармасының басшысы Гүлсім Қожахметова айтты.

Гүлнұр СЕРІКЖАНҚЫЗЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

1-сыныпқа құжат қабылдау сәуірден басталды

Соңғы уақытта мектепке дейінгі білім беру саласында балаларды қанша жасынан балабақшадан шығару керектігі жөнінде сұрақтар туындаған. Жаңа талаптар бойынша 1-сыныпқа 6 жасқа толған балалар қабылданады. Бұған дейін балалардың мектепке қабылдау жасы 1 қыркүйекке ескерілген болатын.

– 2023 жылы бала 6 жасқа толса, онда ол мектепке дейінгі дайындықты аяқтағаннан кейін 1-сыныпқа қабылдануы керек.

Мектепалды даярлық міндетті және отбасында, мектепке дейінгі ұйымдарда, жалпы білім беретін мектептердің, лицейлердің және гимназиялардың мектепалды сыныптарында жүзеге асырылады, – деді басқарма басшысы Гүлсім Қожахметова.

Сонымен қатар, мамыр айынан бастап атаулы әлеуметтік көмек алатын отбасылардағы балабақша жасындағы барлық баланы тегін тамақтандыру жоспарлануда.

Оқу жылының басында мектепке дейінгі ұйымдар өз қызметін жаңа стандарт бойынша жүзеге асырып келеді. Яғни, тәрбиешілер сабақты ойын әрекеті арқылы өткізеді. Бұл бағдарлама әр баланың ерекшелігіне бағытталған және сабақ уақыты шектелмейді.

Бұған қоса, аймақтағы білім беру жүйесіндегі тағы бір өзгеріс – балаларды бірінші сыныпқа қабылдау сәуір айынан басталып, 1 тамызда аяқталатыны бұған дейін де хабарланған болатын. Қабылдау электронды форматта жүзеге асырылуда. Құжаттарды e.bilimal.kz және egov.kz электронды үкіметі арқылы тапсыруға болады. Баласын мектепке беретін ата-аналар үшін 4 құжат қажет: ата-анасының (немесе оларды алмастыратын адамдардың) өтініші, баланың туу туралы куәлігінің көшірмесі, «Бала денсаулығы паспорты» және 3х4 екі фотосурет.

ҰБТ-ға информатика пәні қосылды

Оқу жылы да аяқталып қалды. Биылғы оқу жүйесіндегі ерекшеліктің бірі – соңғы қоңыраудың 31 мамырда соғылатыны. Осыған қатысты қаншама дау туғанымен, оқушылар 1 маусымнан бастап жазғы демалысқа шығатын болды. Қазіргі уақытта қорытынды аттестацияға дайындық жұмыстары жүргізіліп жатыр.

Өңір мектептерінде 11-сыныпты 7 мыңнан астам, 9-сыныпты 15 мыңнан астам оқушы аяқтайды. Аймақта «Алтын белгіге» үміткер 147 түлек, ал үздік аттестатқа үміткер 412 түлек бар. 9-сынып бойынша үздік аттестатқа үміткер 891 оқушы оқу бітіреді.

– Қорытынды аттестаттау мерзімі 9-10 сынып оқушылары үшін биыл 2 маусымнан 13 маусымға дейін жалғасады және төрт пәннен емтихан тапсырады. Ал 11-12 сынып оқушыларына 5 маусым мен 19 маусым аралығында өткізіліп, бес пәннен емтихан алынады. Оқушылар ауызша, жазбаша және тест түрінде емтихан тапсырады. Қорытынды емтихан бойынша материалдар 25 мамырға дейін барлық білім бөлімдеріне жеткізіледі, – деді Гүлсім Шабданқызы.

Ұлттық бірыңғай тестілеуге келетін болсақ, өзгерістер бар екені белгілі, яғни осы оқу жылынан бастап, оқушылар тестілеуді бес рет тапсырады. Білім беру грантын тағайындау конкурсына тестілеу 16 мамыр мен 5 шілде аралығында өткізіледі. Оның нәтижелері жоғары оқу орындарына ақылы негізде қабылдау кезінде есепке алынатынын айтты басқарма басшысы.

Ал, қатысу туралы өтініштер 28 сәуірден 14 мамырға дейін Ұлттық тестілеу сайтында қабылданады.

ҰБТ Қарағанды және Балқаш қалаларында орналасқан жергілікті тестілеу орталықтарында өтеді.

– Биылғы оқу жылынан бастап «Информатика» пәні ҰБТ-ның бейіндік пәндер комбинациясының тізіміне енген. Оқушылар «Информатика мұғалімдерін даярлау», «Ақпараттық технологиялар», «Ақпараттық қауіпсіздік» бойынша мамандықтарды таңдайтын болса, ҰБТ-ны «Математика-информатика» комбинациясы бойынша тапсырады. Информатика 35 тест тапсырмасынан тұрады. 45 ұпай ең жоғарғы балл болып саналады, – деді басқарма басшысы.

Үш оқушылар сарайы салынады

Өңірде қосымша білім беруді жүзеге асыратын 96 ұйым бар. Биыл қосымша білім берумен қамту 80 пайызды құраған. Басқарма басшысының айтуынша, 2027 жылға дейін Қарағандыда (Майқұдық және Пришахтинскіде) және Теміртау қаласында Оқушылар сарайы салынады.

Қосымша білім беру ұйымдарының көпшілігі бюджет қаражаты есебінен тегін қызмет көрсетеді. Тек музыкалық және көркемдік бағыттағы үйірмелер ақылы қызмет (1000 тг мен 3000 тг аралығы) көрсететіні айтылды. Ал, жазғы кезеңде барлық қосымша білім беру ұйымдары жеке кесте бойынша жұмыс істейді.

Брифингте Гүлсім Қожахметова білім беру ұйымдарында жайлы және қауіпсіз жағдай жасау жұмыстары жалғасып жатқанын айтты.

Биыл 55 білім беру нысаны жөнделеді, оған 3,6 млрд. теңге қаражат бөлінген. Сондай-ақ, 18 білім беру нысанына күрделі жөндеу жұмыстарын жүргізуге жобалық-сметалық құжаттаманы әзірлеу жоспарлануда. Мектеп ғимараттарына іргелес немесе ғимарат ішінде орналасқан автономды жылу жүйелері мәселесі де ерекше бақылауда тұр. Биылдың өзінде 12 қазандықты қауіпсіз қашықтыққа көшіру жоспарлануда.

Педагог аттестациядан өтпесе, қайта тапсыра алады

Бүгінгі күні тестілеуді өткізуге өзгерістер енгізілді. Мұғалімдердің тестті қосымша 15-16 сәуір, 22 және 25 сәуір күндері тапсыруға мүмкіндіктері бар.

– Тестілеу кезінде жеткілікті ұпай жинай алмаған мұғалімдер 6-19 шілде аралығында қайта тест тапсыруға құқылы. Аттестаттау комиссияларының қорытындысы биыл 15 тамызда шығады. Облыс бойынша барлығы 2 мыңнан астам өтініш түсті, осыған орай сарапшылық кеңестер мен аттестаттау комиссиясының жұмысы қатар жүргізілуде. Мұғалімдер аттестаттау комиссиясының шешімін bilimal.pedatt платформасындағы жеке кабинетінен көре алады, – деді Гүлсім Шабданқызы.

Техникалық және кәсіптік білім беру саласы бойынша мемлекеттік тапсырыс аясында түлектердің колледждерде білім алуына жергілікті бюджеттен – 8089 орын, оның ішінде медициналық мамандықтарға 389 орынға қаражат бөлінген. 9-сынып бітірген түлектер 25 маусым мен 18 тамыз аралығында, ал 11-сынып бітіргендер 25 маусым мен 20 тамыз аралығында қабылдауға құжат тапсыра алады. Педагогикалық, медициналық мамандықтарға оқуға тапсыратын түлектер үшін өтініш қабылдау маусым айының соңынан тамыз айының соңына дейін жалғасады.

Ал, ақылы негізде өтініштерді қабылдау 25 тамызда, ал кешкі және қашықтан оқытуға 20 қыркүйекте аяқталады. Өтінішті колледжге немесе «электрондық үкімет» веб-порталы арқылы негізгі талаптар тізбесіне сәйкес құжаттар пакетімен тапсыруға болады. Жұмысшыларды даярлауға мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру конкурстан тыс негізде жүзеге асырылады.

Брифинг соңында БАҚ өкілдері спикерге сауал жолдады. «Ерекше балалардың ата-аналары ПМПК-да (педагогикалық-медициналық-психологиялық кеңес) кезек өте көп деп шағымданады. Ерекше балаларды дамыту орталықтарына жолдамамен балаларын апарғанымен, ешқандай нәтиже болмайтынын айтып жатады. Ондай орталықтарда дефектолог мамандар біліктілікті арттыру курстарынан өтпей ме әлде маман тапшы ма» деген редакция тілшісінің сауалына басқарма басшысы Гүлсім Қожахметова:

«Ата-аналар балаларын ПМПК-ға әкелу үшін арнайы электронды платформа бойынша кезекке тұрады. Біздің бақылауымызша, қазір кезекте 200-300-дей бала тұр. Бұрын мыңға дейін жететін. Былтыр Қарағандыда тағы бір ПМПК және аутизм орталығы ашылды. Бұл кезектегі балалар санын азайтуға мүмкіндік берді. Майқұдықта осындай бір орталық ашу жоспарда бар. Бұл мәселе біздің бақылауымызда. Биыл Саран қаласында коррекциялық кабинет өз жұмысын бастайды. 2025 жылға дейін әрбір қалада осындай орталықты ашу жоспарымызда бар. Біліктілікті арттыру курстарын Е.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті өткізеді, республика бойынша арнайы орталықтардан мамандар келіп, дәріс оқиды. Жұмыс жасайтын әрбір маман, педагог бес жылда бір рет біліктілікті арттыру курстарынан өтуге міндетті. Педагогтердің бәрі жоспарлы түрде курстардан өтіп жатыр», – деп жауап берді.

● ТАРИХ ТОЛҚЫНЫНДА

Абылай хан

Абылай хан – қазақ халқының ұлы ханы, дарынды қолбасшысы және шебер дипломаты. Абылай Керей мен Жәнібек хандар тіккен Қазақ ордасын еңселі ел ету ісіне саналы ғұмырын арнады. Қазақ хандығы деген ұлан-ғайыр жерімізді жаудан азат етіп, еліміздің етек-жеңін бүтіндеді. Абылай хан – 1713 жылы туған. Абылайдың ата-тегі белгілі. Арғы бабасы – Шыңғыс хан, Жошы хан, Тоқай темір, бергі аталары – Қазақ ордасының негізін салған әз Жәнібек, одан соң Еңсегей бойлы Ер Есім хан, Салқам Жәңгір хан, оның балалары әз Тәуке мен Уәлибақы. Әз Тәуке ханнан – Болатхан, Болатханның балалары Сәмеке мен Әбілмәмбет.

Салқам Жәңгір өлгеннен кейін оның орнына әз Тәуке хан болады. Бұған өкпелеп Уәлибақы Үргеніштi билеген нағашы атасы Қайып ханның қолына кетіп қалады. Ал, Уәлибақыдан Абылай, жекпе-жекке шыққан жауларын шақ келтірмей өлтіре бергендіктен, «Қанішер Абылай» атанып, Ташкент қаласын билеп тұрыпты. Одан туған Уәли сұлтан (Көркем Уәли) – 1723 жылы Жоңғар шапқыншылары Ташкент қаласын алғанда, сол шайқаста Уәли сұлтан қаза табады. (Қар. Бортальд В.В. Шығ. 5т. 539 б).

Оның баласы Абылай хан, шын аты – Әбілмансұр. Ол қазақ халқының басына түскен ең ауыр қасірет «Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама» жылдарында жетім қалып, Ораз дейтін туысының арқасында жан сақтап, бұғанасы бекиді. Төле бидің қолында тәрбиеленеді. Ол кезде шамамен 10 жаста болса керек. Шашы алынбаған, киімі алба-жұлба, түрі жүдеу балаға Төле би «Сабалақ» деп ат қойып, түйесін бақтырады.

Тағы бір әңгімелерде қарауыл Дәулеткелді байдың жылқысын бағады. Жоңғарға қарсы аттаныс басталғанда Қалмақпен соғысуға Әбілмансұр да жиналады. Оның ойын құп алған Дәулеткелді жылқысынан таңдап ат мінгізеді де, батасын беріп шығарып салады. Бұл жөнінде Шоқан: «Этот – то выбранный конь был знаменитый Чалкуйрык (пламя – хвост) первый сподвижник похода молодого султана. Чалкуйрык, на котором Аблай составил себе имя батыра и уважение киргиз» – деп жазған. (Қ.Әбуев. Абылайхан. Библиографиялық көрсеткіш. 2013 ж). Бұл екі мағлұмат бірін-бірі толықтырса керек. Анық ақиқаты – бала Абылайдың Ақтабан шұбырындыдан соңғы ауыр кезеңде қарапайым бақташы болғандығы.

Бұл жағдай болашақ әміршінің ел тұрмысын жақсы білуіне, халқының қасиетін де, қасіретін де нақты тануына көмектесті. Сосын, басқа емес Қазақтың Төле би сынды ұлы биінің қолынан тәрбие көруі тегін болмаса керек. Ол хат таныған сауатты, сөз таныған білімді, ел қорғаған батыр жігіт болып өскен. Бір аңыздарға қарағанда жас Абылайды соғыс өнеріне баулыған қазақтың хас батырының бірі – Қанжығалы Бөгенбай. Ол Сабалақты Төле бидің үйіне келгенде кездестіріп, қалмақтарға барлауға барғанда өзімен бірге ала кетіп:

«Көзің отты бала екенсің,

Мінезің қазақтағы хан екенсің», – деп батасымен қоса астындағы Нарқызыл деген тұлпарын түсіп беріп, артынан жорықтарға қосады.

Абылайдың аруағы көтерілуі – жиырма жасында. Уса-Серен бастаған жоңғар қолы 1733 жылы Қара Ертістің бойымен Зайсан көліне келіп, одан соң Аягөз арқылы, Қарқаралы, Баянауыл тауларынан асып, Кәрітауға (Ерейменге) жетеді. (М.Қозыбаев. Қазақ әдебиеті. 1991 ж.14 маусым). Қабанбай мен Бөгенбай бастаған Орта жүз қолы Өлеңтіні бойлай Кәрітауға келіп, Жоңғар әскеріне қарсы соғыс ашады. Соғыс жекпе-жектен басталады да қалмақтардың бас батыры Шарышты қазақтар жағынан шыққан ешкімге мәлімсіз жас жігіт Әбілмансұр өлтіреді. «Абылайлап» лап беріп, жауды жайрата қуады. Баянауылдағы Сабындыкөлдің басындағы өткен жеңіс тойында «Абылай» деп ұран салып, «Абылайша» деген шабуыл тактикасын тұңғыш рет қолданып, жеңіске жетіп, бірден қолбасшы ретінде танылған батырдың Шыңғыс әулетінен екені белгілі болады. Келесі 1734 жылы Әбілмансұр «Абылай» деген атпен Орта жүзге сұлтан атанып, қазақ даласындағы ең беделді әміршілердің біріне айналды.

Абылайға ұлыс есебінде берілген Көкшетау маңындағы атығай-қарауыл, керей-уақ, қанжығалы рулары. Сәмеке хан қайтыс болғаннан кейін 1734 жылы Әбілмәмбет (1734-1771) Орта жүздің ханы болып сайланады. Міне, осы тұста тарихи сахнаға Абылай шықты. Ұлыстағы бар өкім, ол да Салқам Жәңгір әулеті, әз Тәуке ханның немересі Әбілмәмбет ханнан өтіп, күні кеше жалаң қылыш, жалғыз атпен жүрген жиырма жасар Абылайдың қолына көшеді. Абылай қазақ еліне Шыңғыс әулетінен болғандықтан ғана хан сайланбаған. Ол ел басына күн туғанда даналығымен, батырлығымен, парасатымен, ел мұңын, халық сырын түсіне білгендігімен хан болып сайланады. Ол халықтың ішінен іріктеліп, сұрыпталып барып, жеке-дара шықты. Бұл арада Абылайдың ерлік кейпіне, ақыл-парасатына бас ұрып, бар билікті қолынан берген, бақастық, күндестікті білмеген, алдағы уақытта өзгеше туған інінің ақылшы ағасы, кеңесші хан дәрежесімен шектелген Әбілмәмбетке бас имеске болмайды.

Абылай түп атасы Шыңғыс әулетінен бола тұра қарадан шығып, хан атанды. Қарадан шыққан әскербасылар, елге билік айтқан шешендер мен көсемдер оның тірегіне айналды. Хандық билік ақыл мен күштің тетігі – батырлар мен билер билігіне ұштасты. Міне, сондықтан да Бұқар жырау өзінің жиырма тоғызыншы толғауында Қаракерей Қабанбай, Қанжығалы Бөгенбай, Шақшақ ұлы Жәнібек, Серкеқара Тілеуке, қарақалпақ Құлашбек, шапырашты Наурызбай, Құдаменді Жібекбай, Сеңгібай мен Шүйкебай, Қасқараұлы Молдабай есімдерін зор құрметпен атай келіп, «Өңкей батыр жиылып, Абылай салды жарлықты» деп түйіндейді.

Шоқан еңбегінде қазақ батырларының ішінде Малайсары, Баян, Байқозы, Оразымбет, Баянбай, Елшібек, Есет, Үсен, Алтай есімдері аталады. (М.Қозыбаев. Тұлғалар тұғыры. Алматы, 2009ж.129-б.)

Сонау Ұлытау мен Көкшетауда, Сайрам мен Түркістанда – қазақ сахарасының киелі жерлерінде бүкіл қазақтық құрылтайлар шақырылып, соғыс пен бітім, қоныс пен жайылым, дау мен дамай, басқа халықтар мен сауда және дипломатиялық қарым-қатынас мәселелері көп талқысынан өтіп, шешіліп жатты. Жиындарда да тайпалардың, жүздердің, көкейкесті ой-тілегі жалпыхалықтық мүддеге қабысатын. Шын мәнінде, осындай жалпыхалықтық жиындар сол заманға лайық парламент болатын. Абылай ханның даналығы мен көрегендігі осы бір дала демократиясы мен хандық диктатураны бір жүйеге сая білді және сол кездегі легион батырлардың

басын қосып, барша көрші ұлы империялардың ұлысына іліктірмей, елдің егемендігін сақтай білді.

20 жасында билікке жеткен Абылай жарты ғасырға жуық ұзақ уақыт бойы – тура қырық сегіз жыл өкім құрады. Әрине, Абылай әмірі барлық уақытта бір деңгейде болған жоқ. Әуелде Орта жүздің ғана сұлтаны деп есептелсе, уақыт өте келе бүкіл қазақ жұртының ұлы ханы дәрежесіне жетеді. 1740 жылдардан бастап, ежелгі Қазақ ордасының үштен екі бөлігіне билігі жүрген Абылай ғасырдың 60-жылдарында қазақтың үш жүзіне түгел иек артады. (М.Мағауин. Шығармалар жинағы. Т – 11, 115-б). Көп ұзамай-ақ Абылай сонау Тәуекел хан, Есім хан, Салқам Жәңгір, әз Тәуке заманындағы ежелгі Қазақ ордасын қалпына келтіреді. Сол кездегі тарихи құжаттардың айтуынша, 1771 жылы қазақтың үш жүзі – Ұлы жүз, Орта жүз, Кіші жүздің хандары мен сұлтандары, билері мен батырлары Түркістан қаласында Абылайды ақ киізге көтеріп, үш жүздің ханы деп жариялайды. Содан, 1781 жылғы мамырда дүние салғанға дейін Абылай қазақ ордасының ұлы ханы ретінде билік құрады.

Абылай қазақ сахарасының даналығын, күш-қайратын бойына сіңірді. Ол ұлттық сананы оята алатын, ұлттық туды көтере алатын, ұлттық мүддені жоқтай алатын, халықтың бірлігі мен тірлігін қорғай алатын қайраткер болып ерте қалыптасты. Соның нәтижесінде, ол сұлтан күнінде бүкіл қазақтың ханы дәрежесіне көтерілді.

Шоқан былай деп көрсетті: «Қалай дегенмен, 1739 жылы Абылай Орта жүзді билеушілердің ішіндегі ең мықтысы болып шығады. Сондықтан, орыс үкіметі, көбіне, Абылаймен және оның інісі Сұлтанбекпен байланыс жасайды». (М.Қозыбаев. Жауды шаптым ту байлап. Алматы. 1994 ж., 32-б.). XVIII ғасырда еуразиялық сахарада Петр I, Екатерина II, Қалдан Серен сияқты әлемге есімі әйгілі мемлекет қайраткерлері қатарына қазақ жұртынан тек Абылай ғана көтерілді.

Қазақ халқының тарихына XVIII ғасыр – Абылай дәуірі болып кіруі – дау туғызбайтын мәселе. Сол ғасырдың басы халқымыз үшін қиын-қыстауға толы аласапыран заман болды. Әз Тәуке хан (1680-1715) дүние салғаннан кейін әртүрлі саяси-экономикалық құрылымға, яғни, үш жүзге бөлініп, ыдырай бастады. Сол кезде қазақ халқының өзінің біртұтастығынан айырылып, жерін жау таптап, тіпті, ұлт ретінде құрып кетудің сәл-ақ алдында тұрған болатын. Сол кездегі тарихи жағдайды Ш.Уәлиханов былай сипаттайды: «Жоңғарлар, Еділ қалмақтары, Жайық казактары және башқұрттар ұлыстарға жан-жақтан ойран салды, малдарын айдап әкетіп, тіпті, көптеген отбасын түгелдей тұтқындады. Оған қаһарлы қыс, жұт, аштық қосылып, көктен сынағандай, олардың апат жағдайын күшейте түсті. (Ш.Уәлиханов. Шығ. жинағы. 4-т. 111-б.).

Жоңғарлардың қаһары, әсіресе, қазақ елінің шымбайына қатты батты. Абылай ханның айтуынша, XVIII ғасырдың басындағы 40 жыл ішінде құба қалмақтармен соғыста халықтың шамамен үштен екісі қырылды. 30-жылдардың аяғына қарай Жоңғарияның билеуші тобы Цин империясымен уақытша келісімге келіп, жайылымдық жерін кеңейту, сауда жолдарында өз үстемдіктерін жүргізу мақсатымен Қазақстан мен Орта Азия жерін жаулап алуға белсенді түрде әскери-саяси дайындық жасауға кірісті. Жоңғар феодалдарының Қазақстан және Орта Азияны басып алуға бағытталған жаңа әскери дайындығы бірнеше жылға созылды. Ал, қазақ жеріндегі орталық хандық пен бүкіл Қазақстанның ішкі саяси жағдайы тұрақты шешім таппай күрделі қалпында қала берді. Оған себеп Батыр сұлтанды қолдайтын феодалдардың бір бөлігі мен Әбілқайыр ханның арасында жанжал басталды. Соның нәтижесінде, Кіші жүздегі алауыздық, өзара тартыс күшейе түсті. Оның сыртында 1734 жылы Орта жүз ханы Сәмеке, 1740 жылы Ұлы жүз ханы Жолбарыс қайтыс болды. Осының барлығы қазақ елінің жоңғар жаулаушыларына қарсы бірден ұйымдасып, қарсылық көрсетуіне тосқауыл болды.

1739-1740 жылдары қыста жоңғарлар қазақ жеріне бір мезгілде екі жақтан шабуыл жасады. Қалдан Сереннің таңдаулы әскербасы Септен бастаған жоңғар әскерінің отыз мыңдық солтүстік тобы – Есіл мен Тобыл арасында көшіп-қонып жүрген қазақтың ру-тайпаларына соққы берді, ал, оңтүстік топтағы әскерді басқарған Қалдан Сереннің тағы бір атақты қолбасшысы Сары-Мәнжі Сырдария аудандарына басып кірді. Абылай өкіміндегі қазақтардың көп шығынға ұшыраған қорғаныс соғыстары бүкіл қыс бойына созылды. (Б.Гурьевич. Международные отношение в Центральной Азии в XVII первой половине XIX в. М. «Наука». 1983 ж., с. 131.). Ақыры, түбегейлі жеңіске жете алмаған Септен мен Сары-Мәнжі ат басын өз ұлысына қарай бұрды.

Бұл кезде қазақтарды біртіндеп жоңғар шабуылдарынан құтқарып, елдің тыныштығын, жердің тұтастығын қамтамасыз етуді мақсат тұтқан Абылай екі ірі мемлекет Цин және Ресей империялары арасында қыспаққа тұрған жағдайда басты қауіп – Жоңғарияның басқыншылығы екендігін терең түсінді. Сондықтан да, Ресейге арқа сүйеуге күш салды. 1740 жылы тамыз айының 28-інде Орта жүз ханы Әбілмәмбет пен Абылай Орынборға келіп, Ресей империясының билігін мойындайды. (Казахско-русские отношения в XVI-XVIII в А. «Наука». 1961 ж., с. 52.). Әбілмәмбет пен Абылайдың Ресей бодандығын қабылдауына негізгі себеп болған не? Біздіңше, біріншіден, олар өз биліктерін нығайтуға мүдделі болған. Екіншіден, Сібір мен Орал казактарының базарларына жол ашуға қол жеткізгісі келген. Үшіншіден, шығыстан айқын аңғарыла бастаған жоңғарлардың қайта басып кіру қаупі Ресей империясы іспетті қуатты одақтас іздеу қажеттілігін туғызған. Алайда, негізгі аудандары жоңғарлардың шапқыншылығына душар болғанына қарамастан, әлі де болса қазақ халқының дербестігін сақтап қалуды көздейді. Осы сапардан оралысымен-ақ Абылай қазақ елінің ерікті, біртұтас ел болуын, ата қонысына жайғасып, бейбіт еңбек етуін, байлығын шалқытуды, үш жүздің ынтымағын жарастырып, туған Отанын, елін жаудан қорғауды күн тәртібіне қойды.

1740 жылы күзде Септен бастаған ойрат әскері қайтадан Сарыарқаға қарай төгіледі. Бұл жолы жауды күтіп, сақ отырған Абылай қарсы шабуылға көшеді. Бірнеше үлкен-кішілі ұрыста қалмақты ойсыраған шығынға ұшыратады, бетін қайырып, ел іргесін бекітеді. Абылай осы шайқаста шебер қолбасшылығымен қатар, жеке басының ерлігін де көрсете білген. Дегенмен, орыстар мен Қытайдан қолдау тапқан жоңғарлар 1741 жылы ақпан айында Қалдан Сереннің үлкен ұлы Лама-Доржы мен Септен ноян басшылығымен Орта жүз жеріне үш жақтан: бірінші бөлігі – Ташкент, келесі бөлігі – Есіл, үшіншісі – Түркістан арқылы қайта соққы береді. (В.Моисеев. Джунгарское ханство и казахи XVIII в. А.«Наука». 1991 ж., с. 116.). Абылай үлкен майдан ашып, шешуші бір ұрыста жоңғар қолын талқандайды. Тарихи деректердің айтуынша, бұл ұрыста қалмақ әскерінің оң қанаты түгелге жуық қырылыпты.

Осыдан соң Абылайдың әскербасы батырлары Жоңғарияның өз ішіне қарай жортуылдар ұйымдастырады. Осы шайқастардың бірінде құрамында екі жүз сарбазы бар барлаушы топпен жүрген Абылай тұтқиылдан қалың әскерге кездесіп, қоршауда қалып, тұтқынға түседі. Абылай сұлтан шамамен 1741 жылдың мамырынан 1743 жылдың шілде айы аралығында Жоңғарияда тұтқында болған. Оны тұтқыннан босатуда бүкіл қазақ бірлесіп, күш салды. Уақ Ақшора би бастаған елшілер, қазақтың үш жүзінің барлық атаулы руларының өкілдері – ұзын саны тоқсан адам Қалдан Серенге жіберілді. 1742 жылы сәуір айында Ақшора би қоңтайшының Абылайды босатуы үшін қазақтың белді азаматтары балаларын аманатқа жіберуге әзір екендігін жеткізеді. Содан 1742 жылы көктемде барлық қазақ ордаларының белгілі адамдарының қатысуымен үлкен кеңес өтеді. Қорытындысында, Әбілқайырдың Ресейден көмек сұрау қажеттігі, Орта жүзден аманат жіберілетіндігі шешіледі. Араға уақыт салып Әбілмәмбет ханның ұлы Әбілпейіз бен Малайсары және тағы басқалары Жоңғарияға жіберіледі. Әбілмәмбет хан аманатты орындау арқылы екі мәселені шешкен, біріншіден – Абылайды босатқан, екіншіден – Түркістан өңірін қайтарып алған. (Ә.Мұхтар. Егемен Қазақстан. 2011 ж. 29 маусым).

Сонымен, қазақтардың Абылайды босату мәселесіндегі береке-бірлігі өз жетістігін берді. 1743 жылы Әбілмәмбет хан аманатқа жіберген адамдар келгеннен кейін Абылай тұтқыннан босатылады. Қалдан Серен Абылайды қазақ елінің бірден-бір иесі деп танып, Жоңғар хандығы мен Қазақ хандығы арасындағы бітім туралы келісімшарт жасалады. Ол бойынша жоңғарлар Орта жүзге қандай да бір саяси және территориялық талап қоюдан бас тартады. Сол кезден бастап 1752 жылға дейін қазақ-жоңғар қатынасында бейбіт кезең басталады. Осы орайда, біздің айтарымыз Абылайды Қалданның аман қалдыруының негізгі себебі: Жоңғар хандығының 1740 жылдардағы сыртқы және ішкі жағдайына байланысты болған. Қалдан Серен Абылайдың кемеңгерлік қасиетін түсініп, өз саясатының мүддесіне пайдаланбақшы болған. Оның себебі, біріншіден, сол тұстағы Жоңғар хандығының Ресей, Қытай державаларымен қатынасындағы қарама-қайшылықтың ұлғайып, шиеленісуі және өз хандығындағы алауыздықтың байқалуына байланысты еді. Екіншіден, еліне беделді Абылай хан – Қазақ хандығымен келіссөз жүргізгенде, оның барысына әсер ете алатын күш деп есептелгені сөзсіз. 1743 жылдың күзінде Әбілмәмбет ханның ордасына барып қайтқан Орынбор комиссиясының өкілдері Иван Лапин мен Мансұр Асанов осы сапар жөніндегі мәлімдемесінде былай деген: «Он, Абылай отпущен зюнгарами с великими наградами, а именно: ему дана палатка, щитая золотом шуба, крытая парчою золотою, палатка железная складная, панцырь и прочее» (К.Әбуев. Егемен Қазақстан. 2011 ж. 27 шілде). Абылаймен бірге тұтқында отыз бес адам, оның ішінде Жолбарыс сұлтан да болған.

Абылайды қапастан алып шыққан – ең әуелі артындағы аталы жұрты, содан соң, әрине, өзінің ақыл-парасаты, ерекше тағдыр-талайы. Ол тұтқында екі жылдай уақыт жүрсе де, өзінің қадір-қасиетін жоғалтпай, жоғары ұстауы, тапқырлығы мен батылдығы арқасында қалмақты тәнті еткен. Екі жыл ішінде қалмақтардың тілі мен жазуын үйреніп, жоңғар мемлекетінің ішкі саяси жағдайын жете бақылап, мықты және осал жағын зерттей жүреді.

Абылай жоңғар мемлекетінің күштілігі – мықты орталықтанған билікте және бірлікте екендігін түсінді. Дауаци, Әмірсана деген нояндарымен тіл табысты. Осы жағдайды ол кейін өз саясатында кеңінен қолданды. Абылай 1743 жылы қалмақтың тұтқынынан қайтып келген соң Әбілмәмбет хан Орта жүз билігін Абылайға тапсырып, өзі Түркістан шаһарына қоныс аударды. Абылайдың азаматтығы сол – Әбілмәмбет дүниеден өткен соң ғана 1771 жылы оның орнына хан сайланған.

Ерғазы ҚАДАШҰЛЫ,
тарихшы

(Басы. Жалғасы бар)

● ХАТ ҚОРЖЫНЫ

Тәрбие басы – адалдық

Адалдық – адамдық бағасының өлшемі іспеттес. Егер адам адал болмаса, оны жақсы деп қалайша бағалайсың?! Адалдықтың ақ туын желбіреткен тұлғалар қай кезде де ел жадында. Оқырманымыздың мына хаты адалдыққа тәрбиелеу бала кезден бастау алатынын айғақтайды. Себебі, адалдыққа баулу – тәрбиенің басы.

... Мен КарПИ-де оқитынмын. Бауырым Тілеуберген (Тілеш) Қарағайлы мектебінде 9-сыныпта оқыды. Каникул кезі болатын. Қарағайлыға бардық. Үй-іші «үш пластилин ала келіңдер» деп тапсырды. КРП магазинінен 60 тиын төлеп, қалған екі пластилинді сатып алдық. Орта жолда қорапты ашсақ, ішінде тоғыз кішкентай қорап бар екен. Таңғалып, оның ішін ашсақ, «Заря» алтын сағаттары. Енді не істедік? Өзіміз түстен кейін автобуспен қайтпақпыз. Қой мынау қыруар ақша ғой, сатушының мойнына мінеді, обал болады деп қайта магазинге бардық. «Тәте, мына қорапты ауыстырып беріпсіз», – дедім. Кезекте тұрғандар «мына балалар қандай адал, бір сағатты сыйлыққа беру керек» деп жатты. Сатушы Батима апай аң-таң, «рақмет» деді де «Кармен» иіс суын сыйлыққа берді. Алмаймын дегеніме қарамады. Сонымен сағатты апарып бергенімізге қуанып, үйге келіп анамның сіңлісі Рахила тәтемізге болған жағдайды айтып бердік. «Ол сендердің қайдан келгендеріңді, қайда оқитындарыңды сұрады ма?» – деді. «Жоқ» дедік. Тәтеміз ашулы, екеуімізді жетектеп, милицияға алып келді. Біз қорқып жүрміз. Не жазығымыз бар деп қоямыз. Бізді милиция бастығы Айтмақ ағай жылы қарсы алды. Қайдан келгенімізді, қайда оқитынымызды сұрады. Тәтем бәрін түсіндіріп жатыр. Ағай телефонмен біреумен сөйлесті де, бізге өте ризашылығын білдіріп, рақметін айтты. Сол күні автобустан қалып қойдық. Келесі күні Қарқаралыға барып, екі күн дегенде 1 май ауылына (қазіргі Мартбек Мамыраев ауылы) жеттік. Әкем мен анам бізді есік алдында қуанып қарсы алды. Сөйтсек, бізден бұрын «Еңбек майданы» (қазіргі «Қарқаралы») газетінің 1959 жылғы номерінде «Тамара мен Тілештің адалдығы» деп мақала шығыпты. Газет оқырмандары, ауыл азаматтары қайырлы болсын айтып жатыр екен.

Ленин орденінің иегері, 40 жыл ұстаз болған Әлібек Бүркітбаевтың балалары Тамара мен Тілеш (Тілеуберген) бір қорап алтын сағатты сатушыға апарып бергені туралы жазылған. Сондағы ата-анамның қуанғаны. Әкемді тіршілігінде одан артық қуанта алмадық. 1961 жылы дүниеден озды. Дарынды бауырым, марқұм Тілеубергенге мектептегі линейка алдына сол газетті оқытып, алғыс айтқан екен. Ал, бұл адалдық неден бастау алды дегенге тоқталсақ, бала кезім 4-5 жас шамасы болу керек Кәкім деген қарт апамен көрші тұрдық. Екі баласы да соғысқа кеткен. Мәру деген баласымен бірге ойнайтынмын. Бірде апа маған: «Бар, тәтеңнен шәй ұрлап әкеліп бер!» деген соң баламын ғой шәйді ұрлап алып, қолтығыма қысып, төргі үйден ауыз үйге өте бергенімде үстел басында отырған ата-анамды көріп, оралған шәйімді қолтығымнан түсіріп алдым. Анам маған қарап күліп, «балам, кім сұрап еді?» деді. Апа екенін айттым. Қағазға оралған шәйді ашып, үстіне молдау қылып шәй қосып, «бар, апаңа апарып бер, балам, екінші рет сұраусыз алма, ол жаман болады» деді. Сол менің өмірлік ұстанымым болып қалды. Бұл қасиет біздің балаларымызға да жұғысты болды.

Әкем жас кезімізде: «ешкімнің ала жібін аттама, кісі ақысын жеме, кісінің киімін киме» дегенді жиі айтатын. Өз жолдастарына «баланды тәрбиелеймін деп әуре болма, өзіңді тәрбиеле, бала өзіне қарап өседі» дегенін де еститінмін. Соның бәрі рас екен.

Мен жақсы адамдардың арасында өстім, тәрбие алдым. Өмір жолымда қандай қиындықтар кездессе де бәрін кешірдім. Мен өміріме ризамын...

Тамара ӘЛІБЕКОВА,
зейнеткер ұстаз

ҚАРАҒАНДЫ

Мақажанов мамандарына ризамын

Басты байлық – денсаулық. Алайда, шындығына келсек, ауылдық жерде тұрған соң көп жағдайда денсаулыққа мән бере бермейтініміз рас. Биылғы қаңтар айында қатты ауырдым. Адам ауруды жанына батқанда ғана мойындайды екен.

Содан профессор Х.Мақажанов атындағы ауруханаға барып тексерістен өттім. Ауруханаға жатып емделуге тура келді. Дәрігерлік жұмыс та көптеген салаға бөлінеді ғой. Мені лор бөліміне қабылдады. Қабылдаған бетте бөлім меңгерушісі Нұрлан Күлмағанбетов екенін білдім. Сол сәтте мен тез айығып кететініме сендім, тіпті жазылып кеткендей болдым. Себебі, Нұрланның білгір маман екенін сырттай білуші едім. «Құлағымды тексеріп, ота жасаймыз» деді. Қан қысымым жоғары еді, дегенмен өзі қадағалап отырып, ота жасады. Бәрі сәтті өтті. Қатты ауырғаным басылып, қалыпты жағдайға келдім. Маған: «Қызыларайдың жолы жабылып қалмай тұрғанда сізді емдеп шығарамын» деген сөзінің өзі жабырқаған жаныма демеу болды.

Қыстың алдында күз айында кенеттен қолымды сындырып алып, осы ауруханаңың шұғыл травматология бөлімінде жатқанмын. Аурухана барлық құрылғылармен жабдықталған.

Қызметіне адал, кәсіби міндетін жауапкершілікпен атқара отырып, науқасқа өте сыпайы жанашырлықпен қарайды.

Профессор Х.Мақажанов атындағы ауруханаңың травматология бөлімі меңгерушісі С.Рангаев, емдеуші дәрігер Г.Оразымбетовке, лор бөлімі меңгерушісі Н.Күлмағанбетовке, емдеуші дәрігер Дәулетия Думанға және барлық медбикелер мен санитарларға шексіз ризашылығымды білдіремін.

Алла жар болып, осы өмірдегі барлық жақсылықты көруге Алла нәсіп етсін.

Береке ӘДІХАНОВА

Ақтоғай ауданы

• ДЕНСАУЛЫҚ

Кене – қауіпті жәндік

Жыл сайын көктемде аса қауіпті жұқпалы аурулар тобына жататын бірқатар ауру түрлері өрши түседі. Оның себебі қарапайым кене болуы мүмкін. Ол – туляремия, Конго-Қырым геморрагиялық қызбасы, кене энцефалиті және боррелиоз, Лайм ауруы және тағы басқа дерт түрлерін жұқтыру көзі.

Бұл аурулардың салдары мүгедектікке немесе өлімге душар етуі мүмкін. Облыс аумағында кене барлық жерде кездеседі. Саябақтар, сквелрлер, саяжайлар, қала маңындағы коттедждерде де кене шағу қаупі жоғары. Көпжылдық эпидемиологиялық бақылау деректері бойынша облыстың сегіз аумағында туляремияның, үш аумақта кене энцефалитінің ошағы тіркелген.

Кене вирус түрлерін өмір бойы сақтайды және ол ұрпағына беріледі. Адамға ауру инфекция жұқтырған кене шаққанда, оны алып тастау және жәндікті өлтіру кезінде жұғуы мүмкін. Кене көктем мен жазда ғана емес, күзде де көп кездеседі. Мысалы, өткен жылы кене шағу деректерінің 25%-ы қыркүйек, қазанда тіркелген.

Осы қауіпті қансорғыштардан қалай қорғануға болады? Табиғат аясына шыққан кезде денені толық жабатын киім кию керек, репеллентті препараттарды қолдану, шөпке отырғанда немесе жатқанда ерекше сақ болған жөн. Адам киімдерін шешіп өзін де, бірге серуендеген үй жануарларын да тексерген дұрыс. Сонымен қатар, кене болуы мүмкін гүл, сыртқы киімдер мен басқа заттарды үйге әкелуге болмайтынын да білген жөн.

Кене шаққаны анықталса, бірден медициналық мекемеге хабарласу керектігін ескертеміз. Кенені алғанда оның тұмсығы толығымен алынғанына көз жеткізіңіз. Кене енген орынды кез келген спиртті ерітіндімен сүрту керек. Алынған кенені зерттеу үшін зертханаға апару қажет болады. Адам бойында қандай да бір өзгерістер байқалса, дереу медициналық мекемеге хабарласу керек.

Есіңізде болсын, жеке профилактика шараларын сақтау, кене шаққан жағдайда ерте медициналық көмекке жүгіну иксод кенелерінен берілетін аурулардың алдын алуға ықпал етеді.

Гүлжан БАЙГУТАНОВА,
облыстың санитариялық-эпидемиологиялық бақылау департаменті басшысының орынбасары.

Еске алу

Қарқаралы қаласының тұрғыны, ардақты анамыз **Рауза ҚАБДОЛЛАҚЫЗЫНЫҢ** бақилық болғанына 23 сәуірде 40 күн толады.

Анамыз Рауза марқұм жүзі жарқын, жаны жайсаң, көңілі дархан, айналасына сыйлы да қадірлі адам еді. Өнегелі ұрпақ өсірді және бір мектепте 35 жыл қызмет атқарып ұлағатты ұстаз болды. Мыңдаған шәкірт тәрбиелеп ата-аналардың, ұстаздар қауымының алғысына бөленді. Қазақ ССР-нің халық ағарту ісінің озық қызметкері атағын алды, «Еңбек ардагері» медалімен марапатталды, білім министрлігі, облыстық, аудандық білім бөлімдерінің, аудан әкімшілігі мен мәслихатының мақтау грамоталары мен Алғыс хаттарымен марапатталды. «Қайран жастық» ансамблінің құрамында облыс, аудан жұртшылығы алдында көрсеткен қоғамдық-мәдени еңбектері үшін Қарағанды облыстық мәдениет басқармасының алғысына ие болды.

Анамыз алты бала тәрбиелеген «Күміс алқа» иегері, бірнеше немере-шөберенің сүйікті әжесі болды. Әрине бұл өмірде біздің алаңсыз бақытты балалық шағымыз бен жарқын өміріміз үшін төккен маңдай теріңіз, көрген бейнетіңізді жан дүниемізбен сезінеміз, шаңырағымыздың ұйытқысы болып, тәрбиелеп, айтқан ақыл-өсиеттеріңізді үнемі еске сақтаймыз және өміріміздің ең бақытты да шуақты шақтары деп есептейміз.

Топырағың торқа, жаның жәннатта болсын. Қабіріңе Алланың нұры жаусын!

Біз үшін әрқашан да орның бөлек,
Аяулы асыл жансың елден ерек,
Алладан иман, пейіште орның болып,
Аруағың ұрпағыңды жүрсін жебеп.

Сағынышпен еске алушылар: жұбайы **Дияс**, **балалары, немерелері, шөберелері.**

Құрметті ағайын-туыс, құда-жекжат, достар, жерлестер, көршілер, анамыздың қырық күндік асы 2023 жылдың 23 сәуірінде сағат 13.00-де Қарқаралы қаласы, Құнанбай қажы көшесі, 53 «Аслан» дәмханасында беріледі.

№212

Іздеу саламыз

«Қарағанды қаласы Қазыбек би ауданының № 2 аудандық сотымен Сабинелла Эхтибарқызы Аязбаеваның өтініші бойынша азаматтық іс қозғалды. Мекенжайы: Қарағанды қаласы, Пищевая көшесі, 71-үйдің тұрғыны, азамат Мерей Қуанышұлы Аязбаев, 11.01.1986 жылы туған, Қазақстан Республикасының Ақмола облысы, Қорғалжын ауданы, Қорғалжын тумасы хабар-ошарсыз кеткен.

Азамат Мерей Қуанышұлы Аязбаевтың тұрған жері туралы мәліметтері бар адамдарға бұл туралы жарияланған күннен бастап үш ай мерзімде сотқа хабарлауды сұраймыз».

Сақатай Аманжолұлы АМАНЖОЛОВ

Балқаш қаласының Құрметті азаматы, мемлекеттік қызмет ардагері, қаламыздың құрдасы Сақатай Аманжолұлы Аманжолов 87 жасқа қараған шағында қайтыс болды. Ол 1937 жылы Ақтоғай ауданы Тасарал ауылында дүниеге келген. Мектепті бітіргеннен кейін Қарағанды педагогикалық институтының физика-математика факультетіне оқуға түсті.

Сақатай Аманжолұлының өмірінің маңызды кезеңі оның студенттік шағымен байланысты. Дәл осы жылдары ол спортпен белсенді түрде шұғылданды, еркін күрес пен қазақ күресінің шыңдарын бағындырды. Екі мәрте, 1957 және 1958 жылдары Қазақ КСР чемпионы атағын жеңіп алды, облыстық және республикалық «Буревестник» спорт қоғамының бірнеше дүркін чемпионы, Бүкілодақтық жасөспірімдер ойындарының жеңімпазы, Мәскеудегі КСРО халықтарының II спартакиадасының қатысушысы болды.

С.Аманжолов «қазақ күресі» ережесінің негізін қалаушы, авторларының бірі.

Сақатай Аманжолұлы еңбек жолын 1961 жылы №30 орта мектепте физика пәнінің мұғалімі болып бастаған, кейін Қарағанды политехникалық институтының Балқаш филиалында сабақ берген.

1971-1991 жылдары Балқаш қалалық атқару комитетінде, Балқаш тау-кен металлургия комбинатының партия комитетінде және Жезқазған аудандық партия комитетінде жауапты қызметтер атқарды. Бірнеше мәрте Балқаш қалалық халық депутаттары Кеңесінің депутаты болып сайланды. 1991 жылдан 2001 жылға дейін Жезқазған және Қарағанды облыстық мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеттерінің өкілі болып жұмыс істеді. Құрметті еңбек демалысына шыққан сәтінде Ағыбай батыр қоғамдық қорын басқарды.

Сақатай Аманжолұлы «Ерен еңбегі үшін», «Еңбек ардагері» медальдарымен, «Астанаға – 10 жыл» мерейтойлық медалімен марапатталды. 2020 жылы С.Аманжоловқа Балқаш қалалық мәслихатының шешімімен «Балқаш қаласының Құрметті азаматы» атағы берілді.

Аманжоловтар әулетіне қайғыларына ортақтасып, көңіл айтамыз. Сақатай атамыздың жатқан жері жайлы, топырағы торқа болсын. Пейіште нұры шалқып, артындағы ұрпақтарына өмір берсін.

Балқаш қаласының әкімдігі,
Балқаш қалалық мәслихаты, Ардагерлер Кеңесі

• ҚЫЛМЫС

Ұрылар ұсталды

Қарағанды облысы, Абай аудандық полиция бөлімшесіне 48 жастағы тұрғыннан арыз түседі. Жәбірленуші үйінен ноутбук пен қуаттау құрылғысы ұрланғанын мәлімдейді. Ұрылар терезе арқылы кірген. Оған келтірілген шығын көлемі – 170 мың теңге.

Сондай-ақ, полицияға тағы бір 50 жастағы Абай қаласының тұрғыны арызданады. Жәбірленуші үйінен екі ноутбук, флэшкарта және ақша ұрланғанын айтып, шағымданады. Ұрылардың пәтерге пластикалық терезені бұзып кіргені анықталды. Оған келтірілген шығын көлемі – 1,1 млн теңге.

Криминалдық полиция қызметкерлері қылмысты ашу бойынша жүргізілген кешенді жедел-іздестіру іс-шаралары барысында осы іске қатысы бар деген күдікпен 29 және 34 жастағы екі адамды ұстады. Олар қылмыстарын мойындап, заттарды сатып жібергенін айтты. Айғақ заттар тәркіленді. Аталған деректер бойынша Қазақстан Республикасы ҚК-нің 188-бабына сәйкес қылмыстық іс қозғалды. Полиция қызметкерлері тергеу әрекеттері барысында күдіктілердің Саран және Ақтас қалаларында жасалған екі қылмысқа қатысы бар екенін де анықтады. Бірінші жағдайда күдіктілер жәбірленушіге – 330 мың теңге, екінші жағдайда 77 мың теңге шығын келтірген.

Күдіктілерге қатысты қамауға алу бұлтартпау шарасы қабылданды. Тергеу әрекеттері жалғасуда. Полиция департаменті төменгі қабаттағы пәтер иелеріне терезеге темір тор орнатуға кеңес береді.

Өз тілшімізден

Рәзия Ғалиқызы ХАСЕНОВА

Тағы бір қимас досымыздан, әріптесімізден айырылдық. 2023 жылдың 7 сәуірінде қасиетті Рамазан айының жұмасы күні Рәзия Ғалиқызы Хасенова 75 жасқа қараған шағында ауыр наукастан соң бақилық сапарға аттанды.

Рәзия Ғалиқызы Қарағанды қаласының тумасы еді. Оның әкесі мен ағасы да шахтерлер болды. Сондықтан мектепті бітіргеннен кейін оған қайда бару керек деген сұрақ туындаған жоқ. Емтиханды сәтті тапсырған бойжеткен Қарағанды политехникалық институтының студенті атанды. Оны бітіргеннен кейін кен инженері-экономист мамандығын алып шыққан жас маман «Қарағандыкөмір» өндірістік бірлестігінің нормативтік-зерттеу станциясында (1972-1974 жж.) еңбек жолын бастады. Өзінің істі жақсы меңгергендігімен көрінген Рәзия «Қарағандыкөмір» өндірістік бірлестігінің жоспарлау-экономикалық басқармасының өзіндік құн бөлімінің бастығы (1975-1995 жж.), «Қазақмыс» корпорациясы» ЖШС-нің «Борлы» көмір департаментінің және «Қарағандытүстіметалл» өндірістік бірлестігінің экономика жөніндегі директоры (1995-2007 жж.) болып абыройлы қызмет атқарды.

Тоқсаныншы жылдардың ортасында «Қарағандыкөмір» мемлекеттік холдингтік компаниясы қайта құрылды. Қазақстан Республикасы Энергетика және отын ресурстары министрінің бұйрығымен Рәзия Ғалиқызы құрамына «Шұбаркөл», «Молодежный», «Қушоқы», «Борлы» разрездері, сондай-ақ тиеу-көлік басқармалары мен автобаза кіретін «Қарағандыкөмірразрездері» мемлекеттік кәсіпорнының экономика жөніндегі директоры болып тағайындалды.

Жиі-жиі қайта құру және қайта бөліну жылдары бастан өткені белгілі. Бұл кезде кәсіпорындар бір-бірімен қосылып, бір-бірінен бөлініп, ұлғайып, қысқарып жатты. Міне, осы қайта құрулардың қарбаластары кезінде Рәзия Ғалиқызы өзін заманауи талантты экономист екенін көрсете білді. Осы уақыттардағы барлық жетістіктерде Рәзия Ғалиқызы Хасенова мен оның мамандар командасының қомақты үлесі болғаны сөзсіз. Өйткені Рәзия Ғалиқызы жұмыста әрқашан да принциптілік пен мақсаттылық, адалдық пен жауаптылық танытатын еді.

Жоғары және жауапты лауазымды қызметтер атқара отырып, Рәзия Ғалиқызы ғылыммен айналысуды да ұмытқан жоқ. Ол өзінің диссертациясын өте сәтті қорғап, экономика ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесіне ие болды. Бүгінгі таңда оның Қазақстан Республикасының көмір өнеркәсібі саласының материалдарында жазылған көмір өнімдері нарығын қалыптастыру мен дамыту туралы монографиясы өзектілігін ешқашан жоғалтпайды. Көмір өнеркәсібінде атқарған ерен қызметі үшін Рәзия Ғалиқызына «Көмір өнеркәсібінің Құрметті қызметкері», «Құрметті шахтер» атақтары беріліп, «Шахтер даңқы» белгісінің толық дәрежесінің иегері атанды.

Адал жар, сүйікті ана, қамқор әпке Рәзия Ғалиқызы өмірде және қарым-қатынаста мейірімді, жанашыр және өте сезімтал жан болды, ол әрқашан көмекке келуге дайын тұратын. Рәзия Ғалиқызын жанындағылардың барлығы да қарым-қатынаста ашық-жарқын жан, маңайына шұғыла шашқан, әрқашан көңілді жүретін, өмірде мойымаған адам ретінде білетін еді. Енді оны осындай жан ретінде есінде сақтайтын болады.

Рәзия Ғалиқызының дүниеден өтуіне орай отбасына, туған-туыстарына және жақындарына шын жүректен қайғырып, көңіл айтамыз. Оның жарқын бейнесі жадымызда әрқашан сақталады.

Достары мен әріптестері

№216

Қарағанды облысы: ауа райы

	15 сәуір		16 сәуір		17 сәуір	
Қарағанды қаласы	+5	-1	0	-7	+3	-5
Абай ауданы	+3	-1	+10	-3	+17	-1
Ақтоғай ауданы	+6	+1	+8	-3	+14	-0
Бұқар жырау ауданы	+3	-3	+6	-4	+12	-1
Қарқаралы ауданы	+2	-1	+6	-6	+15	-2
Нұра ауданы	+2	-3	+10	-3	+13	-1
Осакаров ауданы	+3	-2	+7	-2	+13	-1
Шет ауданы	+5	0	+9	-3	+4	-3

Ақпарат https://www.gismeteo.kz/ сайтынан алынды

Академик Е.Бөкетов атындағы Қарағанды университетінің экономика факультеті түлектерді бакалавриат пен магистратураның келесі мамандықтары бойынша мамандар даярлайды:

«IT-кәсіпкерлік және цифрлық экономика» (математика + информатика), «HR-экономика және еңбек қауіпсіздігі», «Математикалық экономика, статистика және деректерді талдау» (физика + математика), «Экономика» (докторантура бар), «Менеджмент», «Есеп және аудит», «Қаржы», «Мемлекеттік және жергілікті басқару» (докторантура бар), «Маркетинг және SMM», «Логистика», «Мемлекеттік аудит», «Әлемдік экономика», «Кәсіпкерлік және жобаларды басқару», «Бизнес-аналитика және консалтинг», (география + математика), «Туризм», «Мейрамхана ісі және қонақ үй бизнесі» (география + шет тілі), Грантқа түсу үшін – ҚарУ коды – 031; Мемл.лицензия: KZ83LAA00018495, «ҚР Білім және ғылым министрлігінің Ғылым және білім саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті» 28.07.2020 ж. берген, тел.: 8(7212)35-64-05, https://buketov.edu.kz/, priemka@ksu.kz

№214

«Ардагерлер ұйымы» республикалық қоғамдық бірлестігінің Қарағанды облыстық кеңесі еңбек ардагері, қоғам қайраткері, белгілі спортшы, Балқаш қаласының Құрметті азаматы

Сақатай Аманжолұлы АМАНЖОЛОВТЫҢ

қайтыс болуына байланысты отбасына, туыстары мен жақындарына қайғыларына ортақтасып, шын ниетпен көңіл айтады.

● МӘДЕНИЕТ ОШАҚТАРЫНДА

Көктем шуағы – көрмеде

Облыстық бейнелеу өнері мұражайында «Көктемгі блюз» есептік көрмесі ашылды. Дәстүрлі түрде 12 сәуір – Дүниежүзілік суретшілер күніне орай шымылдығы түрілетін экспозиция 23 сәуірге дейін жалғаспақ. Шараны ұйымдастыруға атсалысқан суретші, сәулетші әрі фотограф Владимир Троценко бұл көрменің басқаларға қарағанда ерекше екенін айтады.

Жәлел ШАЛҚАР,
«Ortalyq Qazaqstan»

Музыка һәм шығармашылық суретшінің қос қанаты іспетті. Ал, өнер мәнінің тереңдігі сонша, өмірдің барлық саласын қамтиды. Көктем ару – қысқы демалыстан кейін тағы да сахнада. Суретшілер бейнелеу өнері әлемінің жағалауына жаңа ғана жетті. Сондықтан, оларға шығармашылық туралы көсіле кету өте қиын. Пейзаж жазу – бұл белгісіздік пен жаңа кеңістік пайда болатын қиял әлемімен қауышу іспеттес. Өнер – өмір философиясы, басқалар үшін – жан ләззаты. Әрқайсысы өзінше дұрыс, өйткені картина, мүсін сынды суретшілердің әлемге сұлулық пен эстетика сыйлайтын барлық әрекеті – өнер.

Қазақстан Суретшілер одағының облыстық бөлімшесін басқаратын Айдархан Сейтмаханұлы көрмеде бірқатар жұмысын ұсынды. Атап айтсақ, «Басқарылатын хаос» деп аталатын ағаштан, металдан жасалған мүсіндер. Оларды жасауға соңғы бірнеше жылда әлемде орын алған оқиғалар әсер еткен. Бұл мүсіндер интерьерде лайықты орын алды. Металл сынықтарынан жасалған геометриялық фигуралардың ішкі кеңістігі ретсіз болса да, олар қатаң реттелген квадрат, цилиндр, шеңбер пішінінде салынған.

Суретшілер одағына жаңа мүшелер әлі қабылданбаған. Бірақ, тілек білдірген түрлі авторлар бар, олармен шығармашылық байланыс орнатылуда. Одаққа қабылдау кезінде кәсіби білімнің болуы маңызды. Қойылатын талаптар да қатая бастады. Көрме қызметін жүргізу, шығармашылық байқауларға, құрама көрмелерге өз қаласы мен облысында ғана емес, республикалық және халықаралық деңгейде қатысуға міндетті. Қоғамдық жұмыстарға қатысуы және әлеуметтік желілердегі белсенділігі де маңызды.

– Өткен жылы Суретшілер одағының республикалық съезінде шебер қолөнершілерге қатысты талқыланған мәселе бар. Кейбір адамдар біздің одаққа да, Қолөнершілер одағына да мүше. Қолөнерден гөрі бейнелеу өнерін көбірек көрсететін шебер Суретшілер одағына кіре алатындығын айтқан жөн. Одаққа кірмес бұрын біз оның кандидатурасын қарастырамыз, кейін ол жиналыста талқыланады. Сосын құжаттарды

республика деңгейінде іріктеуге жібереміз. Бірақ, кандидаттардың 55-60% пайызы республикада өтпей қалады. Іріктеу – өте қатал, – деп бөлісті Айдархан Сейтмаханұлы.

«Көктемгі блюз» экспозициясына авторлар өздері таңдаған жұмыстарын ұсынған. Олардың барлығы түрлі жанрларда, сондықтан көруге және зерттеуге тұрарлық туындылар көп. Жалпы, биыл одақ филиалының жұмыс кестесі тығыз екен. Алда Қуат Асқаровтың, Петр Кишкистің мерейтойлық көрмелері, сондай-ақ, одаққа кірмеген суретшілер қатыса алатын желтоқсан айындағы есеп беру көрмесі бар.

«Алтын ғасыр» Қарағанды галереясы шығармашылықта жаңа есімдер ашуда үлкен роль атқарады және Суретшілер одағы осы экспозицияларды қадағалап отырады.

Әрине, қарағандылық жас суретшілердің арасында шет елге кетіп қалатыны да бар екен. Сондықтан, олардың жағдайын да ескерген жөн.

Көрменің ашылуында қонақтар көп болды. Жұмыс авторлары, олардың достары, туыстары, Е.Бөкетов атындағы ҚарУ студенттері болашақ суретшілер мен дизайнерлер, оқытушы әрі өнертанушы Лариса Золотаревамен бірге келді. Мұражай директоры Бибігүл Құдабаева көрмеге келушілерді суретшілер күнімен әрі Ғарышкерлер күнімен де құттықтап, әр суретшінің өнердің зерттелмеген әлемін ашатын ғарышкер екенін атап өтті. Мұрат Қалқабаев та экспозиция туралы жылы лебізін білдірді. «Әр жұмыс – ерекше әлем көрме ашылған күні шығармашылық бағытта білім алатын студенттер де, жалпы жастар да олармен танысуға мүмкіндік алғаны керемет» деп бөлісті Лариса Романовна.

Аталған көрмеге кіру билетінің бағасы – 100-ден 500 теңгеге дейін. Экскурсоводпен экскурсияға билет құны (бір адам үшін) 700 теңге тұрады. Жұмыс күндері мұражай сағат 10.00-ден 18.00-ге дейін, демалыс күндері сағат 10.00-ден 17.00-ге дейін жұмыс істейді.

● ФУТБОЛ

Шацкийдің шеберлігі

Қарағанды «Шахтер» клубының қақпашысы Игорь Шацкий қарағандылық футболшылар арасында 9 мықты рекордшының қатарына кірді.

33 жастағы спортшы Қазақстан Премьер-лигасына 2015 жылдың 5 сәуірінде келген екен. Осы аралықта ол «Тобол» командасымен ойында үздік нәтиже көрсетіп көзге түседі. Бүгінгі таңға дейін «Шахтер» 153 матч өткізіпті.

Ал, кеншілер қақпасы осы матчтар аясында 208 допты өткізіп алған. Десек те, Игорь Шацкийдің шеберлігі жалпақ жұртқа аян. Оның қақпа қапталына қарға адым қалған допты қағып, командасын жеңіске жетелегені бүгін ғана емес.

● ХОККЕЙ

«Номад» – ел чемпионы

Ташкентте хоккейден Қазақстан чемпионатының финалдық сериясының бесінші матчы өтті. Онда «Номад» пен өзбекстандық «Хумо» клубы кездесті.

Кездесу алаң иелері үшін сәтсіз басталды. Екінші кезеңде «Номад» өзінің басты қаруы – қарсы шабуылдауды қайта іске қосты. Ал, Андрей Рунов ойынның 54-ші секундында есеп ашты. Үзіліске дейін «Хумо» таразы басын теңестіруге барын салды. Алайда, нәтижесіз аяқталды.

Максим Мухаметов пен Батырлан Мұратов қарсылас қақпасының маңында жақсы нәтиже көрсетті. Әрі қарай, елордалық ұжым қорғанысын қамдады. Ал, «Номадтың» қақпашысы Андрей Шутов қақпаға бағытталған 27 соққыны тойтарып, плей-оффта төртінші рет есеп айырысуды нөлге теңестірді.

Осылайша, Ғалым Мәмбеталиевтің шәкірттері финалдық серияның төртінші кезеңінде жеңіске жетіп, алтын медаль иегерлері атанды. «Номад» чемпиондыққа соңғы алты жылда алғаш рет қол жеткізді.

● ЕРКІН КҮРЕС

Қоржында тағы қос алтын

Қазақстандықтар еркін күрестен Астанада өткен Азия чемпионатында қоржынды тағы қос алтынмен толықтырды.

Жартылай сыннан сүрінбеген 70 келі салмақ дәрежесіндегі Санжар Досжан ақтық сында өзін таныта білді. Қарсыласының қапысын тауып финалды өз пайдасына шешкен ол алтын алқа тағынды. Ал, 79 келіде бабы келіп, бағы жанған Болат Сақаев төртінші алтынды алып ел абыройын асқақтатты.

Сондай-ақ, бірінші күннің қорытындысы бойынша команда активінде қола медаль да бар. Оны 57 келіде күресіп таза жеңіске жеткен Рахат Қалжан алды.

Дайындаған
Жан АМАНТАЙ,
«Ortalyq Qazaqstan»

● ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ

70 жылдыққа – 70 игі іс

Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университетінің 70 жылдығына орай университет студенттері «70 игі іс» акциясын өткізуде.

Гүлнұр СЕРІКЖАНҚЫЗЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

«Жас Орда» жастар қауымдастығының белсенділері қашанда игі істердің басы-қасында. Мәселен, «Мектепке жол» акциясы аясында мұқтаж отбасылардан шыққан балаларға мектеп формасы мен кеңсе керек-жарақтарының 160 жиынтығын сатып алуға көмектесті. Студенттік ұйымда екі маңызды бағыт бар. Оның бірі 2018 жылдан астам жұмыс істеп келе жатқан «Ақниет» қайырымдылық бірлестігі және 2019 жылы құрылған еріктілер штабы.

– Біздің университетте студенттер белсенді түрде еріктілікпен айналысады. Жасордалықтар Балалар үйі мен Қарттар үйіне, аз қамтылған отбасылар мен ардагерлерге үнемі көмектеседі. Бұл ретте міндетті түрде сыйлықтар немесе азық-түлік жиынтықтары беріліп, студенттер концерттік нөмірлер қояды. Біздің білім алушыларымыз әр бала мен әр қарт адамдарды танып, көмек қолын созады. Ал олар жастардың келуін асыға күтеді, – дейді университеттің жастар саясаты департаментінің директоры Рустам Бузяков.

Сондай-ақ, студенттер ауыр науқастарды қолдау үшін бірқатар қайырымдылық акцияларын өткізді. Қаражат жинау үшін футбол, волейбол турнирлері, жәрмеңкелер мен концерттер, сондай-ақ, қан тапсыру акциялары ұйымдастырылды.

Белсенділер экологиялық волонтерлікке көп көңіл бөледі. Олар Бұқпа өзенінің арнасын, саябақтар мен гүлзарларды, қаланың жалғызілік қарт тұрғындарының ауласынан қоқыс пен қарды шығарып, тазартты.

Университет студенттері, оқытушылары және түлектерінің біріккен күш-жігері арқасында жаңа жыл қарсаңында 300-ден астам баланың тілегі орындалды.

Сонымен қатар, студенттер елдегі және одан тыс жерлердегі төтенше оқиғалар кезінде зардап шеккендерге көмек беруден қалыс қалмады. Түркия азаматтарына, Қостанай және Екібастұз тұрғындарына өрт және табиғи апаттар салдарынан жапа шеккендерге киім, азық-түлік, дәрі-дәрмек және жеке гигиена құралдарын жинауды ұйымдастырды.

● ҚҰРМАНҒАЗЫ САҒЫРБАЙҰЛЫНЫҢ ТУҒАНЫНА – 200 ЖЫЛ

Күй қанатындағы құндылық

Қарағанды қаласының мәдениет, тілдерді дамыту, дене тәрбиесі және спорт бөлімінің қолдауымен қалалық орталықтандырылған кітапхана жүйесі М.Әуезов атындағы орталық қалалық кітапханасында ұлы күйші-композитор Құрманғазы Сағырбайұлының туғанына 200 жыл толуына орай «Күмбірле күй, күмбірле...» атты кеші өтті.

Жәлел ШАЛҚАР,
«Ortalyq Qazaqstan»

Кеш Құрманғазы Сағырбайұлының өмір жолын, күйлердің шығу тарихын таныстыру арқылы ұлттық құндылықтарды дәріптеп, күйлердің тәрбиелік мәнін ұғындыра отырып, ұлтжандылыққа, отансүйгіштікке тәрбиелеу мақсатын көздеді.

Іс-шараға Қали Байжанов атындағы концерттік бірлестіктің ардагері, домбырашы Тұңғышбай Игенбеков, Тәттімбет атындағы Қарағанды өнер колледжінің студенттері мен «Мұрагер» мамандандырылған мектеп-интернатының ұстаздары, оқушылары, «Белсенді ұзақ өмір сүру» арнаулы әлеуметтік қызмет көрсету орталығының мүшелері, кітапхана оқырмандары қатысты.

Жиынды тізгіндеген «Өлкетану бөлімінің» меңгерушісі А.Төлеуханова күй атасы Құрманғазының өмірі мен шығармашылығы, ұлттық музыканың ерекшелігі, мазмұны жөнінде мол мәлімет берді.

Шара барысында Т.Игенбеков Құрманғазы Сағырбайұлының бірнеше күйінің шығу тарихы жайлы әңгімелеп, күйлерін орындады. Бұдан бөлек, Тәттімбет өнер колледжінің студенттері Қ.Сағырбайұлының «Балбырауын», «Терісқақпай», «Адай» күйлерін орындады. Ал, Абай атындағы мектеп-гимназия оқушылары Ислам Таңатов «Көрұғлыны», Нұрсұлу Наукенова «Әке арманын», Аружан Бағдат «Темірбектің төкпесі» күйін күмбірлетті.

Күй өнері туралы сұрақтар қойылып, бейнеролик көрсетілді. «Күй тәңірі – Құрманғазы» атты кітап көрмесі, «Күй атасы – Құрманғазы» атты бейнежазба және даңқты күйшінің өнегелі өмір жолына арналған деректі фильм қатысушылар назарына ұсынылды.

ORTALYQ QAZAQSTAN
Қарағанды облыстық қоғамдық-саяси газеті

Құрылтайшысы: облыс әкімдігі
МЕНШІК ИЕСІ: «Saryarqa Aqparat» ЖШС
Директор – **Қ.Ж. ӘБІЛДА**
Директордың орынбасары – «Индустриальная Караганда» газетінің бас редакторы – **О.В. МЯГКИХ**
Директордың орынбасары – **Г.Ш. ЖҰМАДІЛДИНОВА**
Бас редактор – **Е.К. МҰСАБЕК**
Бас редактордың орынбасары – **Н.С. ДҮТБАЙ**
Интернет-редакция редакторы – **І.Д. МҰҚАЙ**
Жауапты хатшы – **Қ.Б. ҒАЛЫМ**

Телефондар:
Бас редактор: 43-38-53
Бас редактордың орынбасары: 43-58-08
Интернет-редакция редакторы: 43-38-33
Жауапты хатшы: 43-49-72
Жарнама, факс: 43-57-82, 43-21-55;

Меншікті тілшілер:
Ақтоғай, Шет, Балқаш,
Приозерск: 8-702-293-13-70
Қарқаралы, Нұра, Осакаров: 8-777-073-71-13
Теміртау, Саран, Шахтинск, Абай,
Бұқар жырау: 8-775-189-33-19

● Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.
● Жарнамалар мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді.
● Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.
● Материалдың жариялану ақысы төленген ®

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде қайта тіркеуден өтіп, 2020 жылғы 15 желтоқсанда № KZ18VPY00030163 куәлігі берілді.
Газет сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады.
Мекенжайымыз: 100009, Қарағанды қ., Әлімхан Ермеков көшесі, №33 үй.

Электрондық пошта: ortalyk.kz@gmail.com; ortalyk.kaz@mail.ru
Жарнама бөлімі: ortalyk.reklama@mail.ru

Газет жеткізілмесе
41-26-82, 43-57-88
телефонына хабарласыңыздар.

«БанкЦентрКредит» АҚ ҚФ
Есеп-шот: kz50826M0KZTD2003131,
БИК KCJBKZKX БИН 000840001412

Таралымы 5 602

№42 тапсырыс. Индекс 65484
Офсеттік басылым. Көлемі 4 баспа табақ.

Бағасы келісім бойынша
«Типография Арко» ЖШС баспаханасында басылды.
Қарағанды қ., Сәтбаев к., 15.
Газеттің компьютерлік орталығында теріліп, беттелген.
Кезекші редактор **Гүлнұр СЕРІКЖАНҚЫЗЫ**